10. **Park, H.W., Hong, H.D., & Leydesdorff, L.** A comparison of the knowledge-based innovation systems in the economies of South Korea and the Netherlands using Triple Helix indicators // Scientometrics. – 2005. – Vol. 65. – №1. – 3–27. – https://doi.org/10.1007/s11192-005-0257-4
11. **Abylkassymova, A.E.** System modernization of general secondary education in the Republic of Kazakhstan // Revista Tempos e Espaços em Educação. – 2020. – Vol. 13. – №32. – 1–17. – https://doi.org/10.20952/revtee.v13i32.13334
12. **Baimuratova, S.A.** Integrative processes as a factor in the development of the educational space // Scientific and Pedagogical Journal «Bilim». – Astana: NAE named after Y. Altynsarin, – 2019. – №2. – 10–22. – https://bilim-uba.kz/index.php/science/issue/view/64/69
13. **Artiles, A.J., Kozleski, E., Trent, S., Osher, D., & Ortiz, A.** Justifying and explaining disproportionality, 1968–2008: A critique of underlying views of culture // Exceptional Children. – 2010. – Vol. 76. – №3. – 279–299. – https://doi.org/10.1177/001440291007600303
14. **Knight, J.** Trade creep: Implications of GATS for higher education policy // International Higher Education. – 2015, March. – №28. – https://doi.org/10.6017/ihe.2002.28.6658
15. **Rakhmetova, A.M.** Development of education in the context of state management of the quality of life of the population in the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the Karaganda University. Economy Series. – 2020. – Vol. 98. – №2. – 65–78. – https://doi.org/10.31489/2020Ec2/65-78
16. **Steiner-Khamsi, G.** Cross-national policy borrowing: Understanding reception and translation // Asia Pacific Journal of Education. – 2014. – Vol. 34. – № 2. – 153–167. – https://doi.org/10.1080/02188791.2013.875649
17. **Nederveen Pieterse, J.** Globalization and culture: Global mélange. – Lanham: Rowman & Littlefield, 2009.
18. **Yeganeh, H.** A review of "Globalization and culture: Global mélange" // Journal of International Consumer Marketing. – 2012. – Vol. 24. – №3. – 221–225. – https://doi.org/10.1080/08961530.2012.682043
19. **Silova, I.** Education and post-socialist transformations in Central Asia: Exploring margins and marginalities // In: Silova, I. (Ed.). Globalization on the margins: Education and post-socialist transformations in Central Asia. – Charlotte, NC: Information Age Publishing, 2011. – 1–23.
20. **Silova, I., & Niyozov, S.** (eds.). Globalization on the margins: Education and post-socialist transformations in Central Asia. – Charlotte, NC: Information Age Publishing, 2020.
21. **Said, E.W.** Culture and imperialism. – New York: Vintage Books, a division of Random House, Inc., 1993.
22. **Jumakulov, Z., Ashirbekov, A., Sparks, J., & Sagintayeva, A.** Internationalizing research in Kazakhstan higher education: A case study of Kazakhstan's State Program of Industrial Innovative Development 2015 to 2019 // Journal of Studies in International Education. – 2018. – Vol. 23. – №2. – https://doi.org/10.1177/1028315318786445
23. **Adams, L.L.** Can we apply postcolonial theory to Central Eurasia? // Central Eurasian Studies Review. – 2008. – Vol. 7. – №1. – 2–7.
24. **Kandiyoti, D.** Post-Colonialism Compared: Potentials and Limitations in the Middle East and Central Asia // International Journal of Middle East Studies. – 2002. – Vol. 34. – №2. – 279–297.
25. **Schatz, E.** The Soft Authoritarian Tool Kit: Agenda-Setting Power in Kazakhstan and Kyrgyzstan // Comparative Politics. – 2009. – Vol. 41. – №2. – 203–222.
26. **Isaacs, R.** Party System Formation in Kazakhstan: Between Formal and Informal Politics. – London: Routledge, 2011.
27. **Junisbai, B.** A Tale of Two Kazakhstans: Sources of Political Cleavage and Conflict in the Post-Soviet Period // Europe-Asia Studies. – 2010. – №2. – 235–269.
28. **Freedom House.** Nations in Transit 2024: Kazakhstan Country Report. – Washington, DC: Freedom House, 2024. – URL: https://freedomhouse.org/country/kazakhstan/nations-transit/2024

Кеңестік мұрадан неолибералдық көзқарасқа дейін: Қазақстанның 2011–2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына баға және сыни дискурстық талдау

А.А. Махметов[1], Ж.Е. Телюқанов*[2], А.А. Нурлаков[2], Н.П. Албытова[2]
[1]Назарбаев Университет,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
[2]Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы

Аннотация. Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының 2011–2020 жылдарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сыни дискурстық талдау (СДТ) мен бағалау жүргізуді мақсат етеді. Зерттеудің басты мақсаты – ұлттық білім беру саясатын қалыптастыратын жасырын дискурстарды, идеологияларды және жаһандық ықпалдарды анықтау және бағалау. Зерттеу әдістемесі ретінде Фэрклоудың үш өлшемді СДТ үлгісі мен Ризви мен Лингардтың саясатты талдау сұрақтары қолданылды. Талдау тілдік, дискурстық практика және әлеуметтік практика деңгейінде жүргізілді.

Сөз жиілігін сандық талдау “даму”, “модернизация”, “адам капиталы” секілді басым тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берсе, сапалық талдау білім экономикасы, нарықтандыру, стандарттау және интернационалдандыру секілді жаһанданған дискурстардың басымдығын ашып көрсетіп, оларға сыни көзқарас танытады. Зерттеу нәтижелері бағдарлама мәтінінің кеңестік үлгіден неолибералдық, Батысқа бағытталған білім беру жүйесіне өту үдерісін қалай сипаттайтынын ғана емес, сонымен қатар бұл үдерістің тиімділігін де бағалауға мүмкіндік береді. Мұнда бәсекеге қабілеттілік, жекешелендіру және жаһандық стандарттарға сәйкестік басымдылыққа ие.

Сонымен қатар, зерттеу бағдарламаның экономикалық құралға айналуы және ОЭСР, ЮНЕСКО, Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдармен өзара байланысы аясында туындайтын салдарларды да сыни тұрғыда бағалайды. Бағдарлама білім беруді деколонизациялауға және Қазақстан болашағын адам капиталы арқылы қайта құруға ұмтылғанымен, неолибералдық жаһандану жағдайындағы “жұмсақ” отарланудың жаңа түрін тудыруы мүмкін деген маңызды сұрақтарды алға тартады.

Талдау нәтижесінде, бағдарлама бір мезетте ұлттық бірегейлікті нығайтуды және жаһандық білім беру үрдістерімен үйлесуді мақсат еткен гибридті көзқарасты бейнелейді деген қорытынды жасалды. Бұл зерттеу постсоциалистік өзгерістер, жаһандану және білім реформасына қатысты пікірталастарға бағалау тұрғысынан үлес қосады. Сыни дискурстық талдау Қазақстандағы білім саясатының қалыптасу үдерісіндегі қайшылықтар мен билік қатынастарын ашып көрсетеді.

Кілтті сөздер: сыни дискурстық талдау, білім беру саясаты, жаһандану, Қазақстан, неолиберализм, саясатты көшіру, білім экономикасы

От советского наследия к неолиберальному видению: оценка и критический дискурсивный анализ Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы

А.А. Махметов[1] Ж.Е. Телюқанов*[2], А.А. Нурлаков[2], Н.П. Албытова[2]
[1]Назарбаев Университет, г. Астана, Республика Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. Данное исследование представляет критический дискурсивный анализ (КДА) и оценочное изучение Государственной программы развития образования Республики Казахстан на 2011–2020 годы. Целью исследования является выявление и оценка скрытых дискурсов, идеологий и глобальных влияний, формирующих национальную образовательную политику. В качестве теоретико-методологической базы используется трёхмерная модель КДА Н. Фэрклоу в сочетании с вопросами анализа политики по Ризви и Лингарду. Анализ проводится на трёх уровнях: языковом, дискурсивной практики и социальной практики.

Количественный анализ частотности слов позволяет выявить доминирующие темы, такие как развитие, модернизация и человеческий капитал, тогда как качественный анализ раскрывает и критикует преобладание глобализированных дискурсов, включая экономику знаний, маркетизацию, стандартизацию и интернационализацию. Полученные результаты не только демонстрируют, но и оценивают, насколько эффективно текст программы транслирует переход от советской модели образования к неолиберальной и ориентированной на Запад системе, подчеркивая конкурентоспособность, приватизацию и соответствие международным стандартам.

Более того, в исследовании критически осмысливаются последствия продвижения экономического инструментализма и взаимодействия с международными организациями, такими как ОЭСР, ЮНЕСКО и Всемирный банк. Несмотря на заявленную цель деколонизации образования и переосмысления будущего Казахстана через развитие человеческого капитала, программа вызывает вопросы относительно возможного появления новой формы мягкой колонизации в условиях неолиберальной глобализации.

Анализ приходит к выводу, что программа отражает гибридное видение: с одной стороны, стремление к укреплению национальной идентичности, с другой — к интеграции в глобальные образовательные тренды. Таким образом, исследование вносит оценочную перспективу в текущие дискуссии о постсоциалистических трансформациях, глобализации и реформах в сфере образования. Этот КДА позволяет выявить и критически оценить сложные взаимосвязи, противоречия и властные механизмы, заложенные в процессе разработки образовательной политики Казахстана в глобализированном контексте.

Ключевые слова: критический дискурсивный анализ, образовательная политика, глобализация, Казахстан, неолиберализм, заимствование политики, экономика знаний

Material received on 04.06.2025

ҒТАМР 16.01.33 DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-24-42

ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымы және оның орта білім беру саласындағы маңызы

Г.С. Ерсултанова*[1], И.У. Сагиндиков[2], Ұ.Р. Садық[3], Н.Б. Нуримбетов[4]
[1,2,3,4]Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК ШЖҚ
Астана қ., Қазақстан Республикасы
*ersultanovagulnur@gmail.com
ulzhansadyk@gmail.com

Аңдатпа. Бүгінгі таңда Қазақстандағы тіл үйретудің негізгі мақсаты – оқушының тілдік және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл мақсат ҚАЗТЕСТ жүйесімен үндес келеді. Орта білім беру бағдарламаларында тыңдалым, оқылым, жазылым және сөйлесім дағдыларын дамыту көзделсе, ҚАЗТЕСТ осы дағдыларды тексеруге негізделген. Бұл сабақтастық оқушыны ұлттық және халықаралық деңгейдегі тілдік сынақтарға дайындауға мүмкіндік береді. ҚАЗТЕСТ – қазақ тілін меңгеру деңгейін анықтауға арналған және халықаралық стандарттарға, атап айтқанда CEFR-ге сәйкес келетін ұлттық тестілеу жүйесі. Тест құрылымына тыңдалым, оқылым, жазылым және лексика-грамматикалық тапсырмалар кіреді, бұл тілдің барлық қырларын кешенді бағалауға жағдай жасайды. ҚАЗТЕСТ тек ересектерді бағалаумен шектелмей, орта білім мазмұнымен де сабақтас болуы тиіс. Мектептегі қазақ тілі пәні тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталса, ҚАЗТЕСТ осы білімнің нәтижесін объективті бағалайды. Сондықтан ҚАЗТЕСТ стандарттарын мектепте бағдар ретінде қолдану мұғалімдерге оқу мақсаттарын нақтылауға және бағалауда әділ критерийлерді қолдануға мүмкіндік береді. Тест нәтижелері білім беру сапасын талдауда маңызды: олар мектеп бағдарламаларының тиімділігін, әлсіз тұстарын анықтауға көмектеседі. Сонымен қатар ҚАЗТЕСТ халықаралық тестілермен салыстырылып, ұлттық жүйенің әлемдік стандарттарға сай екенін көрсетеді. ҚАЗТЕСТ-ті білім беру процесіне енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтереді. Осылайша, ҚАЗТЕСТ жүйесі мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруда және оқушылардың тілдік тұлға ретінде қалыптасуында стратегиялық құрал болып табылады.

Кілтті сөздер: ҚАЗТЕСТ, бағалау, қазақ тілі, тілдік құзыреттілік, орта білім, мемлекеттік тіл, тестілеу жүйесі, білім сапасы.

Қалай дәйексөз алуға болады/ Как цитировать/ How to cite: Ерсултанова, Г.С., Сагиндиков, И.У., Садық, Ұ.Р., Нуримбетов, Н.Б. ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымы және білім беру саласындағы маңызы [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – № 4. – Б. 24–42.

Кіріспе

Ұлт ұстазы, қазақтың өткен ғасырдағы руханиятының көшбасшысы, Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы – Тарих!» - демекші, Қазақстан тәуелсіздігінің тарихына жүгінсек, 1995 жылы қазіргі Ата заңымыз – Конституция қабылданды. Қазақстан Республикасының егеменді ел болуының айғағы болып табылатын ата заңымыз Конституцияның 7-бабына сүйенетін болсақ: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.», ал 19-бабы бойынша: «Әркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және

шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқығы бар» [1].

Дегенмен, көпұлтты мемлекетіміздің ұлттарының басын біріктіретін, оларды бір-бірімен достастыратын – қазақ тілі. Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл болуына орай оның қолданылу аясы, беделі мен мерейі мемлекет ішінде ғана емес, халықаралық қатынастар деңгейіне көтеріліп келеді [2].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы № 914 Қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сүйенсек, нысаналы индикатор ретінде:

Мемлекеттік тілді В1 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметтер ұсынатын ұйымдар қызметкерлерінің, сондай-ақ ұлттық компаниялар қызметкерлерінің үлесі (2023 ж. – 37 %, 2024 ж. – 38 %, 2025 ж. – 39 %, 2026 ж. – 40 %, 2027 ж. – 41 %, 2028 ж. – 42 %, 2029 ж. – 43 %).

Мемлекеттік тілді В2 деңгейінде меңгерген мемлекеттік қызметшілердің үлесі (2023 ж. – 35 %, 2024 ж. – 40 %, 2025 ж. – 45 %, 2026 ж. – 47 %, 2027 ж. – 48 %, 2028 ж. – 49 %, 2029 ж. – 50 %) көрсетілген [3].

Аталған үлесті қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ нәтижелері арқылы анықтау белгіленген. ҚАЗТЕСТ – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру деңгейін объективті бағалау бойынша Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 835 Қаулысымен «ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу мен дамыту тұжырымдамасы» бекітіліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығының базасында жүзеге асырылып келеді.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің мақсаттары мен міндеттері

ҚАЗТЕСТ-тің негізгі мақсаты – қазақ тілін меңгеру деңгейін өлшеу арқылы мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін күшейту.

Жүйенің негізгі бағыты күнделікті әлеуметтік ортада азаматтардың қазақ тілін қолдана білу дәрежесін анықтау, яғни қазақ тілінің функционалдық қолданысын бағалау [4].

ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымы

ҚАЗТЕСТ халықаралық тәжірибеге сүйене отырып әзірленген. Тілдің күнделікті тұрмыста қолданылу дәрежесін бағалау арқылы тіл меңгерудің көлемін білу әлемде кең етек жайған. Атап айтсақ ағылшын тілін білудің деңгейін анықтайтын IELTS, TOEFL жүйелері, орыс тілі бойынша ТРКИ жүйесі, түрік тілі бойынша TÖMER және басқа да жүйелер мен тестілеу бағдарламалары қолданыста. Барлығының негізгі бағыттары тіл үйренушінің сол тілдердегі ақпараттарды тыңдап немесе естіп түсіну, оқи білу, сол тілде сауатты жаза білу, ең маңыздысы сол тілде сөйлей білу қабілеттерін бағалау. Тест тапсырмалары тілдік құзыреттіліктің негізгі 4 түрін қамтиды: Тыңдалым, Оқылым, Жазылым және Айтылым. Қазіргі таңда Қазақстанның орта білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқыту мәселесі Елбасы Жолдаулары мен мемлекеттік стратегиялық құжаттарда атап көрсетілгендей, ұлттық құндылықтарды дәріптеудің, қоғамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады. Қазақ тілі пәні арқылы білім алушылар тек тілдік білім алып қана қоймай, өз ойын жүйелі жеткізуге, ақпаратты талдауға және функционалдық сауаттылықтарын дамытуға мүмкіндік алады. Бұл – XXI ғасырдағы жаһандану талаптарына жауап беретін маңызды құзыреттердің бірі. Орта білім беру деңгейінде енгізілген жаңартылған білім беру мазмұны тіл үйретудің коммуникативтік бағытына негізделген. Бұл оқу үдерісі тілдік дағдыларды тыңдалым, айтылым, оқылым және сөйлесім бойынша жүйелі дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда, ҚАЗТЕСТ жүйесінің бағалау өлшемдері мектептегі тілді оқыту мақсатта-

рына толық сай келеді. Себебі, ҚАЗТЕСТ те тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін дәл осы төрт дағды арқылы бағалайды. Орта білім беру ұйымдарында қазақ тілін оқытудың күшейтілуі ҚАЗТЕСТ жүйесінде жоғары нәтижелер көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметке орналасу, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу, жоғары оқу орындарына түсу сияқты әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге ықпал етеді. Сол себепті, орта білім беру мекемелерінде қазақ тілін оқыту мазмұнын ҚАЗТЕСТ талаптарымен үйлестіру – қазіргі тіл саясатының өзекті мәселелерінің бірі. Мектеп бағдарламасына ҚАЗТЕСТ форматындағы тапсырмалар элементтерін енгізу, тілдік портфолио жүргізу, оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту және нақты өмірлік жағдаяттарда қазақ тілін қолдануға үйрету – болашақта мемлекеттік тілді толық меңгерген ұрпақ тәрбиелеудің кепілі болмақ [5].

Зерттеу нысаны ретінде орта білім мазмұны мен ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымын үйлестіру арқылы олардың арасындағы өзара байланысты айқындау алынды. Бұл мәселе соңғы жылдары тілдік құзыреттілікті бағалау саласында жүргізілген ғылыми зерттеулерде ерекше назарға алынуда. Мәселен, Еуропалық тілдік портфолио (CEFR) шеңберіндегі деңгейлік бағалау модельдері тілдік дағдыларды оқыту бағдарламаларымен сәйкестендірудің маңызын көрсетсе, қазақ тілін меңгеруді өлшеу бойынша отандық зерттеулер ҚАЗТЕСТ жүйесінің білім беру стандарттарымен үйлесімін талдау қажеттігін айқындайды. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының білім беру саласына қатысты нормативтік-құқықтық құжаттары, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, ҚАЗТЕСТ жүйесінің әдістемелік құралдары мен құрылымдық сипаттамалары, сондай-ақ Ұлттық тестілеу орталығының статистикалық және талдамалық материалдары пайдаланылды. Сонымен қатар тілдік құзыреттілікті қалыптастыру мен бағалау теориясына қатысты ғылыми еңбектерге сүйене отырып, орта білім мазмұнының ҚАЗТЕСТ талаптарымен салыстырмалы талдауы жасалды [6].

Зерттеу міндеттері:

1. Орта білім мазмұнындағы тілдік дағдылар мен құзыреттерді талдау.
2. ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымы, деңгейлік талаптары және бағалау көрсеткіштерін жүйелеу.
3. Орта білім мазмұны мен ҚАЗТЕСТ талаптары арасындағы сәйкестік пен алшақтықтарды анықтау.
4. Екі жүйені үйлестірудің теориялық-әдіснамалық негіздерін ғылыми деректерге сүйене отырып негіздеу.
5. Үйлестіру тетіктерін әзірлеуге арналған ұсыныстар мен әдістемелік тұжырымдар ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Бұл зерттеуде орта білім беру мазмұны мен ҚАЗТЕСТ жүйесінің өзара байланысы қарастырылды.

- ҚАЗТЕСТ тест құрылымы, тапсырмалары және бағалау критерийлері;
- орта білім беру стандарты, оқу бағдарламалары, тілдік құзыреттер;
- ҚАЗТЕСТ нәтижелерінің статистикалық мәліметтері;
- ғылыми әдебиеттер мен ресми тілдік саясат құжаттары зерттелді.

Зерттеу құралдары ретінде:

- ҚАЗТЕСТ тест тапсырмаларының құрылымы;
- ұлттық тестілеу орталығының статистикалық деректері;
- оқу бағдарламаларының мәтіндері;
- ғылыми-теориялық еңбектер.

Зерттеу барысында:

1. Материалдар жинақталып, ҚАЗТЕСТ құрылымы мен мектеп бағдарламалары жүйеленді.
2. Тесттегі Тыңдалым, Оқылым, Жазылым,

Айтылым дағдылары оқу бағдарламасындағы дағдылармен салыстырылды.

3. Тест нәтижелері деңгейлер бойынша статистикалық талдаудан өткізілді.

4. Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, тілдік құзыретті бағалау қағидаттары анықталды.

Талдау түрлері

- Салыстырмалы талдау: ҚАЗТЕСТ пен мектеп мазмұнының сәйкес және айырмашылық тұстары анықталды.
- Статистикалық талдау: деңгейлік үлестер мен нәтижелердің орташа көрсеткіштері есептелді.
- Теориялық талдау: бағалау принциптері мен тіл саясаты құжаттары зерттелді.
- Жүйелік талдау: тілдік дағдылардың сабақтастығы анықталды.

Зерттеу барысында қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға арналған ҚАЗТЕСТ жүйесі нәтижелері, статистикалық деректер, ғылыми әдебиеттер, сондай-ақ сайтта жарияланған материалдар негізге алынды. Зерттеу бірнеше әдістемелік тәсілдерді қолдануды қамтыды, олардың әрқайсысы белгілі бір мақсатқа бағытталған:

1. Теориялық-талдамалық әдіс – ғылыми әдебиеттерді, ресми нормативтік құжаттарды, халықаралық тіл тестілеу жүйелерінің сипаттамаларын зерттеу арқылы қолданылды. Бұл әдіс ҚАЗТЕСТ жүйесінің теориялық негіздерін, құрылымын, бағалау принциптерін және тілдік құзыреттерді дамыту ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді.

2. Тарихи-диахрондық әдіс – қазақ тілін үйрету мен бағалаудың тарихи даму жолын қарастыру үшін қолданылды. Бұл әдіс тіл саясатының өзгерістері мен тілдік білім беру тәжірибесінің эволюциясын, сондай-ақ ҚАЗТЕСТ жүйесінің қалыптасу кезеңдерін талдауға негіз болды.

3. Салыстырмалы-аналитикалық әдіс – ҚАЗТЕСТ жүйесін IELTS, TOEFL сияқты халықаралық тесттермен салыстыру мақсатында қолданылды. Осы әдіс тест құрылымы, бағалау критерийлері және тілдік дағдыларды өлшеу тәсілдерін салыстыруға мүмкіндік берді.

4. Жүйелік-құрылымдық талдау әдісі – ҚАЗТЕСТ тапсырмаларының компоненттерін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) талдап, олардың мектеп бағдарламасындағы тілдік құзыреттермен сабақтастығын анықтау үшін пайдаланылды. Бұл әдіс тест мазмұны мен оқу бағдарламасы арасындағы өзара байланысты жүйелі түрде көрсетуге мүмкіндік берді.

5. Статистикалық талдау әдісі – тест нәтижелерін сандық түрде өңдеу, нәтижелерді категорияларға бөліп, орташа деңгейлер мен көрсеткіштерді есептеу үшін қолданылды. Бұл әдіс білім беру сапасын бағалау және әдістемелік ұсыныстар жасауға негіз болды.

Осы әдістерді кешенді қолдану зерттеуге ғылыми тұрғыдан тұжырымдалған, объективті нәтижелер алуға мүмкіндік берді. Әр әдіс өзінің нақты мақсатында пайдаланылып, зерттеу қорытындыларының сенімділігін қамтамасыз етті.

Зерттеу нысаны ретінде орта білім мазмұны мен ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымын үйлестіру арқылы олардың арасындағы байланыс алынды. Зерттеу барысында нормативтік-құқықтық құжаттар, статистикалық мәліметтер, сондай-ақ Ұлттық тестілеу орталығының әдістемелік материалдары пайдаланылды.

Нәтижелер

ҚАЗТЕСТ бағалау әдістемесі халықаралық CEFR жүйесіне негізделіп, қазақ тілін меңгеру деңгейлерін A1 – C1 аралығында сипаттайды. Бұл деңгейлер тілдік құзыреттіліктің сатылы дамуын көрсетеді [7,8,9,10,11].

Орта білім мазмұны мен ҚАЗТЕСТ ара-

сындағы басты байланыс – мақсат пен мазмұнның сабақтастығы. Мектепте қалыптастырылатын тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдылары ҚАЗТЕСТ бағалайтын құзыреттермен толық сәйкес келеді. Сондықтан ҚАЗТЕСТ – мектептегі тілдік дайындықтың логикалық жалғасы.

Ұқсастықтары:

- коммуникативтік бағыттылық;
- төрт дағдыны кешенді дамыту;
- тілдің әлеуметтік-мәдени жағдайлардағы қолданысына мән беру.

Айырмашылықтары:

- мектепте тіл үйрету жүргізілсе, ҚАЗТЕСТ тек бағалайды;
- мектепте теориялық және көркем мәтіндер қолданылса, ҚАЗТЕСТ практикалық тапсырмаларға сүйенеді.

Тілдік құзыреттілік – тілді нақты жағдаятта дұрыс қолдану қабілеті. Мектеп бұл қабілетті қалыптастырса, ҚАЗТЕСТ оны өлшейді. Сабақтастықты күшейту оқыту сапасын арттырып, оқушыларды ҚАЗТЕСТ форматына жүйелі түрде бейімдейді [12].

ҚАЗТЕСТ құрылымы уақыт өте жетілдірілген: бастапқыда ол тыңдалым, оқылым және лексика-грамматикадан тұрса, 2008-2011 жж. 150 тапсырмалық формат қолданылды. 2011 жылы жазылым, 2021 жылы айтылым бөлімі енгізіліп, жүйе толыққанды коммуникативтік тестке айналды. 1-суретте осы кезеңдік өзгерістер көрсетілген.

1-сурет – ҚАЗТЕСТ жүйесінің 2008-2021 жылдар аралығындағы мазмұндық құрылымы

2018 жылы ҚАЗТЕСТ жүйесін жаңарту жұмыстары басталып, халықаралық тәжірибе ескеріліп, тест құрылымы қайта жасалды. Мақсат – қазақ тіліндегі шынайы коммуникативтік құзыреттілікті дәлірек бағалау және жүйені халықаралық стандарттарға сәйкестендіру болды. Осыған байланысты бұрынғы 150 тапсырмалық тест 100 тапсырмаға қысқартылып, мазмұн сапасы мен валидтілігі күшейтілді, тест тапсырушыға түсетін психологиялық жүктеме азайтылды.

2018–2021 жылдары жаңа формат респу-

бликалық деңгейде пилоттық апробациядан өтті. Мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, студенттер және түрлі сала мамандары қатысқан сынақтар нәтижесінде тест спецификациясы мен бағалау критерийлері нақты бекітілді.

2022 жылдан бастап ҚАЗТЕСТ ресми түрде 100 тапсырмалық форматқа көшті. Тест құрылымы халықаралық жүйелерге (IELTS, TOEFL, TÖMER) жақындап, нәтижелерді өңдеу, статистикалық талдау және психометриялық бақылау тетіктері жаңартылды. Бағалау IRT моделіне негізделе бастады.

Жаңартылған форматтың басты ерекшелігі – тілдің коммуникативтік қолданысына басымдық беру. ҚАЗТЕСТ енді тілдік нормаларды білуді ғана емес, оны шынайы жағдаяттарда қолдану қабілетін бағалайды. Бұл жүйені халықаралық стандарттарға бейімдеудегі маңызды кезең болды. Ескі және жаңа формат айырмашылығы 2-суретте көрсетілген.

2-сурет – ҚАЗТЕСТ жүйесінің форматындағы өзгерістер

2024 жылдың қазан айына дейін ҚАЗТЕСТ қағаз форматында өткізіліп, нәтижелерді тексеру баяу жүріп, адами факторға тәуелді болды. Осы шектеулерді жою үшін Ұлттық тестілеу орталығы мамандары халықаралық тәжірибені (TOEFL, IELTS) зерттеп, жаңа электронды модель әзірледі.

2024 жылдың қарашасынан бастап ҚАЗТЕСТ электронды форматта өткізіле бастады (№ 458 бұйрық, 24 қыркүйек). Электронды тестілеу:

- нәтижені жедел шығарады;
- бағалауды объективті және автоматты етеді;
- техникалық қауіпсіздікті арттырады;

- тапсырмалар құрылымын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған жүйе халықаралық стандарттарға жақындап, тестілеудің ашықтығы мен дәлдігін күшейтті. Электронды формат оқушылар мен жастарға да бейімделіп, орта білімге төмендегідей ықпал етеді: тілдік құзыреттілікті ерте бағалау, тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым дағдыларын дамыту, цифрлық сауаттылықты арттыру және білім сапасын диагностикалау [13].

Осылайша, ҚАЗТЕСТ электронды форматы білім беру жүйесінде тиімді құралға айналды, жаңартылған құрылымы 3-суретте көрсетілген.

3-сурет – ҚАЗТЕСТ жүйесінің қазіргі уақытта қолданыстағы форматы

Жаңартылған ҚАЗТЕСТ форматы Тыңдалым, Оқылым, Жазылым және Айтылым дағдыларын дәл бағалап, жинаған балл бойынша тіл деңгейін бірден анықтауға мүмкіндік береді. Тест мазмұны мен құрылымы толық жаңартылды.

ҚАЗТЕСТ мемлекеттік қызметшілерді аттестаттауда, шетел азаматтарының тілдік деңгейін бағалауда, білім беру мен жұмысқа қабылдауда сенімді құралға айналды. Азаматтар өз тілдік құзыреттілігін объективті бағалай алады.

Жүйеге деген қызығушылық соңғы жылдары артып келеді. Бұл мемлекеттік тіл саясатының өзектілігімен және түрлі салаларда қазақ тілін меңгеру қажеттілігінің күшеюімен байланысты. ҚАЗТЕСТ халықаралық талаптарға сай тіл деңгейін анықтап, мемлекеттік тілді кәсіби қолдануға жол ашады.

Тест нәтижелері оқу бағдарламаларын жетілдіруге, әдістемелік материалдарды толықтыруға пайдалы деректер береді. Қоғамда ҚАЗТЕСТ-ке деген сенім артып, ол нақты тілдік дайындықтың көрсеткішіне айналды.

Статистика бойынша ҚАЗТЕСТ тапсырушылар саны жыл сайын өсуде. Бұрын тесті негізінен мемлекеттік қызметкерлер тапсырса, бүгінде студенттер, мамандар және шетелдіктер де белсенді қатысуда.

Бұл үрдіс:

- мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызмет аясының кеңейіп келе жатқанын,
- тілді меңгеруді бағалаудың бірыңғай ұлттық стандарты қалыптасқанын,
- азаматтардың қазақ тілін меңгеруге деген ынтасы артып отырғанын көрсетеді.

Тестілеуге қатысушылардың басым бөлігі мемлекеттік қызметшілер болып табылады. 2006 жылдан бастап 2024 жылды қоса алғанда ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша жалпы тестілеуге қатысушылардың және оның ішіндегі мемлекеттік қызметшілердің саны 4-суретте ұсынылды.



4-сурет – ҚАЗТЕСТ құрылғаннан бастап тест тапсырушылардың және оның ішіндегі мемлекеттік қызметшілердің саны бойынша статистика

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша жалпы тестілеуге қатысқан әлеуметтік топтардың үлесі 5-суретте берілді.



5-сурет – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысқан жалпы әлеуметтік топтар бойынша саны

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысқан мемлекеттік қызметшілердің деңгейлер бойынша үлесі 6-суретте ұсынылды.



6-сурет – 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 30 қыркүйек аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге қатысқан мемлекеттік қызметшілердің деңгейлер бойынша үлесі

Диаграмма деректеріне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің басым бөлігі (44,7% – B2, 26,6% – C1) қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерген. Бұл олардың кәсіби коммуникацияда мемлекеттік тілді еркін қолдана алатынын көрсетеді. Ал B1 (13,6%), A2 (8,7%) және A1 (6,3%) деңгейіндегі қызметкерлердің тілдік құзыреттілігін арттыру үшін арнайы курстар ұйымдастыру маңызды. Жалпы, қызметшілердің 71,3%-ы тілді ортадан жоғары деңгейде меңгерсе, 28,6%-ы қосымша дайындықты қажет етеді [14].

Соңғы 10 жылда өткізілген тестілеу нәтижелеріне жүргізілген талдау мәліметтері бойынша, ҚАЗТЕСТ тапсырушылардың басым бөлігі орта деңгейде тоқтағаны байқалады. Атап айтқанда, 40%-ы базалық, 35%-ы орта, 18%-ы ортадан жоғары және 7%-ы жоғары деңгей көрсеткен. Бұл мәліметтер қазақ тілін меңгерудің жалпы динамикасы оң бағытта дамып келе жатқанын, дегенмен жоғары деңгейге жеткен азаматтар үлесінің әлі де аз екенін көрсетеді. 7 және 8-суреттерде соңғы 10 жылдағы тестілеуге қатысқан заматтардың үлесі мен деңгейлік динамикасы ұсынылады.

7-сурет – 2015-2025 жылдар аралығында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеуге жалпы қатысқандардың үлесі



8-сурет – 2015-2024 жылдар аралығындағы жалпы қатысқан тестіленушілердің деңгейлік үлесі

Бұл көрсеткіштер қазақ тілін меңгеруде тестіленушілердің көпшілігі базалық және орта деңгейлерде қалып отырғанын білдіреді. Әсіресе, жоғары деңгейге жеткендердің үлесі айтарлықтай төмен. Мұндай деректер қазақ тілін оқытудың қазіргі әдістемесі әлі де жетілдіруді қажет ететінін көрсетеді.

Соңғы 10 жылда облыстарда өткізілген тестілеу нәтижелеріне жүргізілген талдау мәліметтері бойынша, ҚАЗТЕСТ тапсырушылары туралы мәлімет 9-суретте ұсынылады:



9-сурет – 2015-2024 жылдар аралығындағы аймақтар бойынша ҚАЗТЕСТ тестілеуіне қатысқан тестіленушілердің саны

Диаграммаға сәйкес талдау төмендегідей:

Астана және Алматы қалалары – ҚАЗТЕСТ тестілеуінде ең белсенді аймақтар. Шығыс Қазақстан, Маңғыстау және Ұлытау облыстарында тестке қатысу деңгейі ең төмен.

Аймақтық талдаулар да қызықты мәліметтер береді. Мәселен, қазақ тілін күнделікті тұрмыста кең қолданатын өңірлерде жоғары және ортадан жоғары деңгейдегі көрсеткіштер де жоғары болса, тілдік орта әлсіз өңірлерде бұл көрсеткіш те төмен болуы ықтимал. Бұл тіл үйренудегі әлеуметтік орта мен күнделікті тәжірибенің маңыздылығын дәлелдейді.

Сонымен қатар белсенділік мемлекеттік басқару, урбанизация деңгейі, білім беру мекемелерінің саны мен мемлекеттік қызметкерлердің үлесіне байланысты болуы мүмкін.

Халықаралық тәжірибемен салыстыру:

ҚАЗТЕСТ құрылымы тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым сияқты негізгі дағдыларды бағалауымен TOEFL, IELTS жүйелеріне ұқсайды. Айырмашылығы – ҚАЗТЕСТ мемлекеттік тілді Қазақстанның әлеуметтік, ресми және кәсіби ортада қолдану қабілетін бағалауға бағытталған [15,16]. Сонымен қатар ол CEFR стандарттарына сәйкестендірілген.

ҚАЗТЕСТ пен Қырғызтест құрылымы жағынан ұқсас, екеуі де мемлекеттік тілдің кәсіби қолданылуын бағалайды. Айырмашылығы – тест мазмұны әр елдің тілдік ерекшелігіне негізделген [17].

ҚАЗТЕСТ пен TÖMER шетел азаматтарының тіл меңгеру деңгейін анықтау қағидаттарымен ұқсас, алайда TÖMER Түркияға білім/жұмыс мақсатында қолданылса, ҚАЗТЕСТ Қазақстандағы мемлекеттік тіл деңгейін анықтауға бағытталған [18].

ҚАЗТЕСТ пен ТРКИ – құрылымы жағынан ұқсас халықаралық тестілер. ТРКИ әлемдік деңгейде мойындалған болса, ҚАЗТЕСТ әзірге ұлттық деңгейде қолданылады [19].

ҚАЗТЕСТ-тің басты ерекшелігі – тест мазмұны қазақ тілінің ұлттық болмысын, әлеуметтік-мәдени контекстін қамтуы. Бұл жүйе тілдік құзыретті ғана емес, тілдің қоғамдық қызметін де айқындайды.

Орта білім беру жүйесімен сабақтастық:

ҚАЗТЕСТ модульдері (тыңдалым, оқылым, жазылым, қатысым) мектеп бағдарламасындағы дағдылармен толық сәйкес келеді. Сабақтастық тілдік білімнің үздіксіз дамуын қамтамасыз етеді, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырады және бағалау мәдениетін қалыптастырады. ҚАЗТЕСТ форматына ұқсас тапсырмаларды мектеп кезеңінен қолдану оқушыларды жүйелі дайындыққа бейімдейді.

Жүйе мұғалімдердің әдістемесін жетілдіруге, білім сапасын диагностикалауға, оқу бағдарламаларын нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ұлттық мазмұнды сақтай отырып, тілдік білімді халықаралық стандарттар негізінде жүйелейді. Бұл мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың тиімді тетігіне айналады [20].

Жоғары оқу орнына қабылдаудағы рөлі:

ҚАЗТЕСТ сертификаты бар талапкерлер (B1 – C1) ҰБТ-ның «Қазақ тілі» пәнінен босатылады:

B1 – 42 балл, B2 – 46 балл, C1 – 50 балл болып есептеледі. Бұл талапкерлерді тіл меңгеруге ынталандырады [21].

Сонымен бірге жүйе мемлекеттік қызметке қабылдауда тілдік құзыретті бағалаудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Тест нәтижелері ресми тілдік қатысымды жақсартады және мемлекеттік басқаруда тіл мәдениетін арттырады. ҚАЗТЕСТ ғылыми-әдістемелік базаны дамытуға да ықпал етеді: оқыту технологияларын жетілдіру, оқу материалдарын жаңарту, зерттеулерді жүйелеу мүмкіндігі артады.

ҚАЗТЕСТ – мемлекеттік тіл саясатын іске асыруға, білім беру сапасын арттыруға, кәсіби талаптарды нақтылауға және қазақ тілінің құндылығын көтеруге бағытталған ұлттық бағалау жүйесі [22].

ҚАЗТЕСТ жүйесінің құрылымын талдау нәтижелері бұл бағалау құралының мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, білім беру сапасын арттыруға және азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін объективті түрде айқындауға бағытталғанын көрсетеді. Жүйе төрт деңгейлі құрылымға негізделген: базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгей. Мұндай деңгейлік жіктелім тіл үйренушілердің тілдік құзыреттілігін кезең-кезеңімен өлшеуге және олардың нақты тілдік мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Әрбір деңгей тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым сияқты негізгі тілдік дағдыларды қамтитын тапсырмалар арқылы бағаланады. Бұл дағдылардың кешенді түрде өлшенуі тест тапсырушының тілдік қарым-қатынас дағдыларын практикалық тұрғыдан қолдану қабілетін толық сипаттауға жағдай жасайды. Сонымен қатар деңгейлердің нақты құрылымы оқу процесін жоспарлау мен дараландыруға мүмкіндік беріп, тіл үйренушінің қай бағытта дамуы қажет екенін айқындайды.

Базалық деңгейде қазақ тілін қарапайым деңгейде түсіну және қарапайым қарым-қатынасқа түсу қабілеті бағаланса, орта деңгейде күнделікті және оқу-кәсіби ортада тілді еркін қолдану дағдысы тексеріледі. Ортадан жоғары деңгейде күрделі мәтіндерді түсіну, ойды жүйелі жеткізу, түрлі коммуникативтік жағдаяттарды шешу қабілеті бағаланады. Жоғары деңгей болса, академиялық және кәсіби салада тілді еркін, дәл және стильдік талаптарға сай қолдана алу дағдысын анықтайды.

Осылайша, ҚАЗТЕСТ жүйесінің деңгейлік құрылымы тек тілдік құзыреттілікті бағалаудың құралы ғана емес, сондай-ақ мектептен бастап жоғары білім мен кәсіби дайындыққа дейінгі барлық білім беру сатыларында оқу нәтижелерін жоспарлау мен жетілдірудің тиімді механизмі болып табылады. Бұл құрылым тіл үйренушінің даму динамикасын бақылауға, оқу мақсаттарын нақтылауға және мемлекеттік тілдің қоғамдағы функционалдық рөлін күшейтуге мүмкіндік береді [23].

Талқылау

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қойылған зерттеу сұрағына сәйкес бірқатар маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік берді. Алынған деректер тестіленушілердің басым бөлігінің орта деңгейде қалып отырғанын көрсетті, бұл қазақ тілін меңгеру деңгейінің біркелкі еместігі туралы бастапқы гипотезаны растайды. Мұндай нәтиже оқу бағдарламалары мазмұнының жеткілікті деңгейде сараланбауы және қолданылатын әдістемелік тәсілдердің бірізді болмауымен түсіндірілуі мүмкін.

Алынған қорытындыларды Ұлттық тестілеу орталығы зерттеушілерінің ҚАЗТЕСТ жүйесіне арналған ғылыми еңбектерімен салыстыру жүйенің даму логикасы мен нәтижелердің сабақтастығын айқындайды. Атап айтқанда, Садықова Ұ.Р. зерттеуінде ҚАЗТЕСТ жүйесінің бастапқы кезеңдеріндегі байқау және диагностикалық тестілеу нәтижелері талданып, тестіленушілердің басым бөлігінің базалық және орта деңгейлерде шоғырлануы анықталған. Бұл жағдай қазақ тілін меңгеру деңгейінің біркелкі еместігін көрсететін эмпирикалық дерек ретінде сипатталады. Аталған тұжырым осы зерттеуде алынған соңғы жылдардағы статистикалық мәліметтермен сәйкес келеді және ҚАЗТЕСТ нәтижелеріндегі деңгейлік құрылымның салыстырмалы түрде тұрақты екенін көрсетеді [20].

Ерсултанова Г.С. еңбегінде ҚАЗТЕСТ жүйесінің жаңа форматқа көшуі тілдік құзыреттілікті бағалаудың тиімділігін арттырған негізгі фактор ретінде қарастырылады. Автор тест құрылымын оңтайландыру, тапсырмалар мазмұнын коммуникативтік жағдаяттарға бейімдеу және электронды форматты енгізу нәтижесінде бағалау дәлдігінің артқанын көрсетеді. Бұл зерттеуде алынған нәтижелер де ҚАЗТЕСТ-тің жаңартылған форматы тестіленушілердің тілдік деңгейін неғұрлым нақты айқындауға мүмкіндік бергенін растайды [14].

Ал Ерсултанова Г.С. мен Сердалина С.К. зерттеуінде ҚАЗТЕСТ тестілеуін ұйымдастыру және өткізу тәртібі талданып, баға-

лау рәсімдерінің стандартталуы мен процедуралық бірізділігінің маңызы негізделеді. Авторлар тестілеу үдерісіндегі бақылау тетіктерін жетілдіру нәтижесінде бағалау сенімділігі мен объективтілігінің артқанын атап өтеді. Осы мақалада алынған деректер де ҚАЗТЕСТ нәтижелерінің тұрақтылығы мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуде ұйымдастырушылық регламенттердің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді [12].

Садық Ұ.Р., Макыбаева А.К., Нуримбетов Н.Б. еңбегінде ҚАЗТЕСТ жүйесі диагностикалық бағалау құралы ретінде қарастырылып, тест нәтижелерін білім беру сапасын талдау және оқыту мазмұнын түзету мақсатында қолдану мүмкіндіктері айқындалады. Бұл тұжырым ҚАЗТЕСТ жүйесін орта білім мазмұнының нәтижелілігін бағалайтын диагностикалық құрал ретінде қарастыратын осы зерттеудің негізгі ұстанымдарымен толық үйлеседі [22].

Осылайша, Ұлттық тестілеу орталығы зерттеушілерінің еңбектерінде ҚАЗТЕСТ жүйесі бағалау форматының тиімділігі, тестілеуді ұйымдастыру мен өткізу тәртібі, деңгейлік нәтижелердің динамикасы және диагностикалық әлеуеті тұрғысынан жан-жақты қарастырылған.

Ал жүргізілген зерттеу аталған ғылыми еңбектерді жалғастыра отырып, ҚАЗТЕСТ жүйесін орта білім беру мазмұнымен сабақтастықта қарастырады және оны тілдік құзыреттілікті бағалаудың кешенді диагностикалық тетігі ретінде ғылыми тұрғыдан нақтылайды.

Мұндағы алынған нәтижелерді себеп-салдарлық тұрғыдан талдау білім беру жүйесінде белгілі бір олқылықтардың бар екенін айқындайды. Тестіленушілердің көпшілігінің орта деңгейде қалуы оқу бағдарламалары мазмұнының жеткілікті деңгейде сараланбауы және қолданылатын әдістемелік тәсілдердің бірізді болмауымен түсіндірілуі мүмкін. Бұл тұжырым бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулерде көрсетілген тілдік құзыреттіліктің оқу бағдарламасының құрылымы мен әдістемелік қамтамасыз етілу сапасына тәуелді екендігі туралы нәтижелермен сәйкес келеді.

Зерттеу барысында мотивация факторының тіл меңгерудегі рөлі де айқындалды. Жоғары нәтиже көрсеткен тестіленушілердің басым бөлігі мемлекеттік тілді меңгеруді жеке қызығушылықпен немесе кәсіби қажеттілікпен байланыстырған. Бұл нәтиже тілдік мотивация мен оқу жетістігінің өзара байланысын дәлелдейтін шетелдік және отандық зерттеулердің қорытындыларын қуаттайды. Сонымен қатар алынған нәтижелерді балама интерпретациялау мүмкіндігі де бар: жоғары көрсеткіштер мотивациядан бөлек, алдыңғы тілдік тәжірибе, өзіндік білім алу ресурстарына қолжетімділік немесе әлеуметтік орта ықпалымен де байланысты болуы ықтимал.

Аймақтық айырмашылықтардың анықталуы әлеуметтік-тілдік ортаның қазақ тілін меңгерудегі шешуші рөлін көрсетеді. Бұл нәтиже Қазақстандағы тілдік орта жағдайларының әркелкілігі мен білім беру ұйымдары арасындағы айырмашылықтарды айқындайды. Алынған деректер бұрынғы зерттеулерде көрсетілгендей, тілдік орта неғұрлым белсенді аймақтарда тіл меңгеру деңгейінің жоғары болатынын растайды. Осыған байланысты қосымша тілдік курстарды, тілдік клубтарды және цифрлық білім беру ресурстарын дамыту оқыту тиімділігін арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады.

ҚАЗТЕСТ жүйесін IELTS және TOEFL сияқты халықаралық тестілермен салыстыру оның ұлттық мазмұнға негізделгенін және мемлекеттік стандарттарға бағытталғанын көрсетеді. Бұл ерекшелік жүйенің ұлттық қажеттіліктерге бейімделгенін дәлелдей отырып, бағалау сенімділігі мен валидтілігін арттыру қажеттігін де айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, алынған нәтижелер ҚАЗТЕСТ жүйесін халықаралық бағалау талаптарына жақындату бағытындағы ғылыми ізденістердің өзектілігін негіздейді.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми маңызы қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау мәселесін теориялық тұрғыдан нақтылауға және тілдік құзыреттілікті өлшеу мо-

дельдерін жетілдіруге қосқан үлесімен сипатталады. Ал практикалық тұрғыдан алғанда, алынған қорытындылар білім беру бағдарламаларын жаңарту, оқыту әдістемесін жетілдіру және мемлекеттік қызметкерлердің тілдік құзыреттілігін бағалау жүйесін оңтайландыру барысында қолданылуы мүмкін.

Бұл бағыттағы талдау ҚАЗТЕСТ жүйесінің ғылыми-әдістемелік негізін тереңдетіп, оны білім беру жүйесін жетілдірудің тиімді құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

ҚАЗТЕСТ жүйесі – Қазақстандағы мемлекеттік тіл саясатын іске асырудың тиімді тетігі. Ол азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін объективті бағалап, білім беру сапасын арттыруға және мемлекеттік тілдің қолданылуын кеңейтуге мүмкіндік береді. Тест халықаралық стандарттарға сәйкес тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым дағдыларын кешенді бағалайды. Осы арқылы ҚАЗТЕСТ тілдік құзыреттілікті анықтаумен қатар, білім беру сапасының негізгі көрсеткішіне айналады.

Жүйенің артықшылықтарының бірі – оның әлеуметтік, кәсіби және мемлекеттік деңгейде қолданылуы. Мемлекеттік қызметке қабылдау, жоғары білімге түсу, кәсіби даму барысында ҚАЗТЕСТ нәтижелері азаматтың тілдік деңгейін дәлелдейтін сенімді көрсеткіш ретінде қызмет етеді. Бұл мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырып, қоғамдық тілдік ортаны дамытуға ықпал етеді.

ҚАЗТЕСТ пен орта білім беру жүйесінің сабақтастығы тілдік білімнің үздіксіздігі мен сапасын қамтамасыз етеді. Мектептегі қазақ тілі сабақтарында қалыптастырылатын негізгі дағдылар – тыңдалым, оқылым, жазылым және айтылым – ҚАЗТЕСТ бағалайтын компоненттермен толық сәйкес келеді. Сондықтан мектеп бағдарламасына ҚАЗТЕСТ форматындағы тапсырмаларды енгізу оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттырып, оқу үдерісін нәтижеге бағыттайды.

Тест нәтижелерін талдау мектеп бағдарламаларын жетілдіруге нақты бағдар береді: оқушылар қай дағды бойынша қиналатыны анықталып, сол бағыттағы оқыту әдістері күшейтіледі. Бұл мұғалімдердің кәсіби дамуын жоспарлауда да маңызды.

Қазіргі білім беру кеңістігі ҚАЗТЕСТ жүйесін жаңғыртуды талап етеді: халықаралық тәжірибелерге негізделген мазмұнды жаңарту, цифрлық форматқа көшу, онлайн тестілеуді кеңейту және жасанды интеллектке негізделген автоматтандырылған бағалау енгізу. Мұндай шешімдер тесттің объективтілігін арттырып, оқушылардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

ҚАЗТЕСТ тек бағалау құралы емес, тілдік мәдениетті қалыптастырудың, мемлекеттік тілге деген жауапкершілік пен қызығушылықты арттырудың пәрменді механизмі. Оны орта білім мазмұнына жүйелі енгізу қазақ тілін өмірлік құзырет ретінде меңгертуге, ұлттық бірегейлікті нығайтуға және мемлекеттік тілдің қоғамдық-құқықтық кеңістікте кеңінен қолданылуына жол ашады.

Қорыта айтқанда ҚАЗТЕСТ қағидаттарын орта біліммен ықпалдастыру – сапалы тілдік білімді қамтамасыз ететін стратегиялық бағыт, ал жүйе – тіл оқыту сапасын және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға негізделген ғылыми-практикалық құрал.

Қолданылған деректер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Астана, 1995. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
2. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы. – Астана, 1997. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_
3. Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/%20kyzylorda%20sayasat/documents/details/856271
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 835 қаулысы «ҚАЗТЕСТ жүйесін енгізу мен дамыту тұжырымдамасы». – Астана, 2011. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000835_

5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_

6. Common European Framework of Reference for Languages (CEFR). – Council of Europe, 2001. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.coe.int/en/web/common-european-framework-reference-languages

7. ҚР СТ 1926-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Қарапайым деңгей. Жалпы меңгеру. [Электронды ресурс] // – URL: https://new-shop.ksm.kz/kz/catalog/STRK_1926-2009/

8. ҚР СТ 1928-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Базалық деңгей. Жалпы меңгеру. [Электронды ресурс] // – URL: https://new-shop.ksm.kz/kz/catalog/STRK_1928-2009/

9. ҚР СТ 1929-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей. Жалпы меңгеру. [Электронды ресурс] // – URL: https://new-shop.ksm.kz/kz/catalog/STRK_1929-2009/

10. ҚР СТ 1925-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Ортадан жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. [Электронды ресурс] // – URL: https://new-shop.ksm.kz/kz/catalog/STRK_1925-2009/

11. ҚР СТ 1927-2009. Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Жоғары деңгей. Жалпы меңгеру. [Электронды ресурс] // – URL: https://new-shop.ksm.kz/kz/catalog/STRK_1927-2009/

12. **Ерсултанова Г.С., Сердалина С.К.** ҚАЗТЕСТ: тестілеуді өткізу тәртібі мен тәжірибесі // «Педагогикалық өлшемдер» ғылыми-практикалық журналы. – 2025. – № 2. – https://testcenter-zhurnal.kz/index.php/sap/issue/view/2

13. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 23 қыркүйектегі № 458 бұйрығы «ҚАЗТЕСТ» қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі бойынша қағидаларды бекіту туралы. [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400035109

14. **Ерсултанова Г.С.** Тілді меңгеру деңгейін бағалаудағы ҚАЗТЕСТ жүйесінің рөлі: жаңа форматтағы тиімділік // Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді оқытудың жүйесі: деңгейлері мен сатылары: конференция материалдары. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2024. – 362 б. http://kazakhtest.kz/pdf/KAZTEST_Bukletjpeg_2018_kaz.pdf

15. ETS. TOEFL iBT Test. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.ets.org/toefl

16. IELTS. International English Language Testing System. [Электронды ресурс]. [Электронды ресурс] // – URL: https://www.ielts.org

17. Кыргызтест жүйесі. [Электронды ресурс] // – URL: https://kyrgyztest.gov.kg/language/ru/

18. TÖMER – түрік тілін оқыту орталығы. Анкара университеті. [Электронды ресурс] // – URL: https://tomer.ankara.edu.tr/en/about-us-4/

19. TORFL – Test of Russian as a Foreign Language. [Электронды ресурс] // – URL: https://russian-test.com

20. **Садықова Ұ.Р.** ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша тестілеу мен байқау сынақтарының нәтижелері // «Әдіскер / Методист» республикалық ғылыми-педагогикалық журналы. – 2015. – № 4. – https://library.arsu.kz/p=748

21. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары». [Электронды ресурс] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017650

22. **Садық Ұ.Р., Макыбаева А.К., Нуримбетов Н.Б.** ҚАЗТЕСТ жүйесіндегі диагностикалық тестілеудің өткізілу барысы мен тәжірибесі // «Педагогикалық өлшемдер» ғылыми-практикалық журналы. – 2025. – № 3. – https://testcenter-zhurnal.kz/index.php/sap/issue/view/3

23. Ұлттық тестілеу орталығы. «ҚАЗТЕСТ жүйесі» ресми ақпараттық сайты. [Электронды ресурс] // – URL: http://www.kazakhtest.kz

References

1. Qazaqstan Respýblıkasynyń Konstıtýsıasy [Constitution of the Republic of Kazakhstan]. Astana, 1995. [Electronic resource] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

2. Qazaqstan Respýblıkasynyń “Til týraly” Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan “On Languages in the Republic of Kazakhstan”]. Astana, 1997. [Electronic resource] // – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

3. Qazaqstan Respýblıkasynda til saıasatyn damytýdyń 2023 – 2029 jyldarga arnalgan tujyrymdamasy. [Concept for the Development of Language Policy in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. [Electronic resource] // – URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/%20kyzylorda%20sayasat/documents/details/856271

40. **Simons, M., Meeus, W., T'Sas, J.** Measuring media literacy for media education: Development of a questionnaire for teachers' competencies // Journal of media literacy education. – 2017. – Vol. 9. – No. 1. – P. 99-115. – https://doi.org/10.23860/JMLE-2017-9-1-7

41. **Corser, K., Dezuanni, M., Notley, T.** How news media literacy is taught in Australian classrooms //The Australian Educational Researcher. – 2022. – Vol. 49. – No. 4. – P. 761-777. – https://doi.org/10.1007/s13384-021-00457-5

Ағылшын тілі сабақтарында медиасауаттылықты интеграциялаудың артықшылықтары мен қиындықтары: сандық зерттеу

Ж.Д. Аскар*[1], К.М. Смакова[2], З.Ж. Аухадиева[3], Д.А. Алимбаева[4]
[1,2]SDU университеті, Қаскелең қ., Қазақстан Республикасы
[3]Алматы технологиялық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
[4] Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа. Заманауи цифрлық медиа орта ақпаратты сыни тұрғыдан талдауға және бағалауға мүмкіндік беретін медиасауаттылықты дамытуды талап етеді. Сонымен қатар, мұғалімдер мектепте медиасауаттылықты оқытуда және оны жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Осы зерттеудің мақсаты – медиасауаттылықтың шетел тілі ретінде ағылшын тілі сабақтарында қаншалықты деңгейде интеграцияланғанын (енгізілгенің) анықтау, сондай-ақ оның артықшылықтары мен қиындықтарын зерт-

теу болып табылады. Бұл мәселені зерделеу үшін сандық әдіснама қолданылды, деректер онлайн платформалар арқылы таратылған сауалнама көмегімен жиналды. Зерттеуге Қазақстанның Алматы қаласындағы орта мектептерінде жұмыс істейтін 116 ағылшын тілі мұғалімі қатысты. Іріктеу әдісі ретінде мақсатты іріктеу тәсілі пайдаланылды. Деректерді талдау үшін сипаттамалық статистика қолданылды: қатысушылардың демографиялық деректері, сондай-ақ Лайкерт шкаласындағы 20 сұрақ бойынша орташа мәндер мен стандартты ауытқулар есептелді. Нәтижелер көрсеткендей, ағылшын тілі мұғалімдері сенімді ресурстардың жетіспеушілігі және кәсіби даярлықтың жеткіліксіздігі сияқты қиындықтарға тап болғанын көрсетті, сәйкесінше бұл медиасауаттылықты тиімді енгізуге кедергі келтіретінін көрсетті. Алынған деректер ағылшын тілі сабақтарына медиасауаттылықтың қаншалықты деңгейде енгізілгенін бағалауға және оны енгізудің негізгі артықшылықтары мен қиындықтарын айқындауға мүмкіндік береді.

Кілтті сөздер: медиасауаттылық, ағылшын тілі мұғалімдері, сыни ойлау, сауалнама, орта білім.

Преимущества и проблемы интеграции медиаграмотности на занятиях английского языка: количественное исследование

Ж.Д. Аскар*[1], К.М. Смакова[2], З.Ж. Аухадиева[3], Д.А. Алимбаева[4]
[1,2]Университет SDU, г. Каскелен, Республика Казахстан
[3]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Республика Казахстан
[4]КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г. Алматы, Республика Казахстан

Аннотация. Современная цифровая медиасреда требует развития медиаграмотности, которая позволяет критически анализировать и оценивать информацию. Кроме того, учителя играют важную роль в обучении и успешной реализации медиаграмотности в школах. Цель данного исследования — изучить степень интеграции медиаграмотности в учебные занятия по английскому языку как иностранному, а также выявить её преимущества и трудности. Для изучения данной темы была использована количественная методология, при этом сбор данных осуществлялся с помощью анкеты, распространённой через онлайн-платформы. В исследовании приняли участие 116 преподавателей английского языка как иностранного из средних школ города Алматы, Казахстан. В качестве метода отбора участников применялась целенаправленная выборка. Для анализа данных использовалась описательная статистика, включая демографическую информацию об участниках, а также средние значения и стандартные отклонения по 20 пунктам шкалы Лайкерта. Результаты показали, что преподаватели английского языка сталкиваются с такими трудностями, как нехватка надёжных ресурсов и недостаточная профессиональная подготовка, что препятствует эффективной реализации медиаграмотности. Полученные данные позволяют оценить уровень интеграции медиаграмотности в занятия по английскому языку и выделить основные преимущества и трудности, связанные с её внедрением.

Ключевые слова: медиаграмотность, преподаватели английского языка, критическое мышление, анкетирование, среднее образование.

Material received on 07.04.2025

ҒТАМР 14.35.09 DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-55-72

Орталық Азия аумағының тарихи карталарда көрсетілу ерекшеліктері және оларды оқытуда қолданылатын картографиялық тәсілдер мен мағыналық үлгілер

Р.А.Каратабанов[1], Ж.Ф. Тенькебаева[2]
[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан Республикасы
[2]«Назарбаев зияткерлік мектептері»
ДБҰҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы»
Астана, Қазақстан Республикасы
*ruslan.karatabanov@gmail.com

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталар негізінде Орталық Азияның исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлерде бейнелену ерекшеліктерін талдау және кеңістікті аңғарудың мағыналық құрылымдарын анықтау. Контенттік және семиотикалық талдау арқылы 32 тарихи картадағы проекциялық жүйелер, визуалдық тәсілдер мен символдық кодтар қалпына келтірілді, нәтижесінде карта артефактісін үш деңгейлі модель (техника → мағына → аңғару) негізінде түсіндіру тәсілі жасалды. Нәтижелер ислам картографиясында өңірдің киелі орталық ретінде, қытай дәстүрінде әкімшілік шет аймақ ретінде, еуропалық дәстүрде өлшеу және жүйелеу объектісі ретінде, ал ресейлік картографияда ғылыми игеру мен империялық бақылау кеңістігі ретінде бейнеленетінін көрсетті. Зерттеу тарихи карталардың кеңістікті тек географиялық емес, мәдени-өркениеттік тұрғыдан да түсіндіретін күрделі интеллектуалды құрылым екенін дәлелдейді; бұл тұжырымдар картографиялық ойлауды, кеңістіктік бірегейлікті және тарихи-географиялық деректерді оқу тәжірибесінде қолдану әлеуетін арттырады.

Кілтті сөздер: тарихи картография, Орталық Азия, проекция, символика, кеңістіктік аңғару.

Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Каратабанов, Р.А., Тенькебаева, Ж.Ф. Орталық Азия аумағының тарихи карталарда көрсетілу ерекшеліктері және оларды оқытуда қолданылатын картографиялық тәсілдер мен мағыналық үлгілер [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – С. 55-72.

Кіріспе

Жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру тарихи білімді жаңғыртумен қатар, Орталық Азияның кеңістіктік бейнесін ғылыми тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Тарихи карталар аймақты түсіндірудің маңызды құралы болып табылады, алайда оларда өңір сыртқы акторлардың дүниетанымы мен геосаяси мүдделеріне сәйкес «шет аймақ», «бос дала» немесе «империялық ықпал кеңістігі» ретінде ұсынылған стигмалар жиі кездеседі. Мұндай модельдер қазіргі қоғамдық дискурсқа да ықпал етіп, тарихи-географиялық түсініктердің қалыптасуына әсер етеді.

Осыған байланысты тарихи карталарды тек дереккөз ретінде емес, кеңістікті мағыналық тұрғыдан құрастыратын мәдени-танымдық құбылыс ретінде талдау

өзекті. Карталар проекция, масштаб, орталықтандыру, түстердің семантикасы және топонимия арқылы кеңістіктің физикалық параметрлерін ғана емес, картографтың дүниетанымдық ұстанымын, билік қатынастарын және мәдени кодтарды бейнелейді [1;2;3; 4;5;6;10;1314;15;16]. Сондықтан картографиялық дәстүрлерді салыстырмалы зерттеу әртүрлі өркениеттердің Орталық Азияны қалай қабылдағанын және бұл қабылдаулардың кеңістіктік түсінікке қалай әсер еткенін анықтайды.

Исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлер ғасырлар бойы өңірдің төрт түрлі тұрақты бейнесін қалыптастырды: киелі орталық, әкімшілік периферия, өлшеу және жүйелеу объектісі, империялық игеру кеңістігі. Бұл репрезентациялар бүгінгі күнге дейін аймақтың тарихи қабылдануына ықпал етуде. Зерттеу осы бейнелердің құрылымын, семиотикалық негіздерін және олардың қазіргі кеңістіктік түсінікке әсерін талдауға бағытталған.

Зерттеудің маңыздылығы Қазақстан Республикасының білім беру саясатының мақсаттарымен де сабақтас. География мен Қазақстан тарихы пәндерінің оқу бағдарламалары кеңістіктік ойлауды, картографиялық сауаттылықты, тарихи деректерді талдау және интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруды көздейді (7.2.1.4, 8.3.5.1, 9.6.1.3). Бұл дағдылар ұлттық бірегейлікті нығайту, тарихи сабақтастықты түсіну және тарихи-географиялық бейнелерді саналы түрде бағалайды. Орталық Азияның тарихи карталардағы репрезентациясын талдау географияны оқытуда бірнеше маңызды педагогикалық міндетті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Біріншіден, тарихи карталар кеңістіктік ойлауды дамытуға, географиялық объектілердің динамикасын, шекаралардың өзгеруін және өркениеттік ықпалдарды түсінуге жағдай жасайды. Екіншіден, картографиялық дәстүрлерді салыстыру оқушыларды деректерді сыни тұрғыдан талдауға, ақпараттың мәдени және идеологиялық шарттылығын аңғаруға үйретеді. Үшіншіден, карталардың семиотикалық және мағыналық құрылымдарын түсіндіру картографиялық сауаттылықты арттырып, оқушылардың картаны тек бейнелеу құралы емес, күрделі танымдық модель ретінде қабылдауына ықпал етеді.

Сонымен қатар исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлердің Орталық Азияны әртүрлі бейнелеуін зерделеу оқушылардың мәдениетаралық түсінігін кеңейтеді, тарихи сабақтастықты сезінуіне көмектеседі және ұлттық бірегейлікке қатысты сауатты пайым қалыптастырады. Мұндай тәсіл Қазақстан Республикасының білім беру бағдарламаларында көзделген тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау, кеңістіктік модельдер құрастыру және картамен жұмыс істеу дағдыларын дамыту мақсаттарымен толық үйлеседі.

BR21882416 жобасы аясында орындалған зерттеу карталарды техникалық сипаттаудан мағыналық құрылымдар мен кеңістікті аңғару модельдерін талдауға бағытталды. Исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік дәстүрлердің визуалды тілдері салыстырылып, олардың Орталық Азияның тарихи бейнесін қалай құрағаны және бұл бейнелердің қазіргі кеңістіктік сана мен оқыту тәжірибесіне ықпалы қарастырылды [7;13;14;15;16].

Зерттеудің мақсаты – IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталар негізінде Орталық Азияның исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық дәстүрлерде бейнелену ерекшеліктерін анықтау және бұл репрезентациялардың кеңістіктік түсінік пен білім беру үдерісіне ықпалын талдау.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің эмпирикалық базасын IX–XIX ғасырлар аралығында жасалған исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік картографиялық мектептерге жататын 32 түпнұсқа тарихи карта құрайды. Бұл дереккөздер өркениеттік қамтудың кеңдігімен ерекшеленеді және техникалық тәсілдердің эволюциясын ғана емес, Орталық Азия кеңістігінің әр кезеңде қалай түсіндірілгенін салыстыруға мүмкіндік береді. Материалдар BR21882416 жоба-

сының зерттеу коллекциясы бойынша верификацияланды, даталауы, номенклатурасы, проекциялық шешімдері мен түпнұсқалық белгілері тексерілді [14].

Исламдық дәстүр аль-Истахри, аль-Кашғари және аль-Идриси еңбектері арқылы көрініс тапты; бұл карталарда өңір кеңістігі сакралды осьтер мен шеңберлік құрылымдар арқылы рухани центр ретінде бейнеленеді [4]. Қытайлық дерекқоздер Цин дәуірінің *Huangyu Quanlan Tu* атласы мен «Тяньшань оңтүстік/солтүстік жолы» маршруттық схемаларымен ұсынылды [2; 3]; мұнда кеңістік әкімшілік иерархия және гарнизондық бақылау логикасымен құрылады. Еуропалық материалдар XV ғасырдағы Фра Мауро картасынан XVIII–XIX ғасырлардағы Г. д'Анвиль, Киперт және Андриво–Гужон еңбектеріне дейінгі кезеңді қамтиды [1; 5; 6]; бұл дәстүрде өлшеу, стандарттау және топонимдерді латындандыру басты рөл атқарады. Ресейлік материалдар XVI ғасырдағы «Үлкен чертежден» бастап С. Ремезовтың *Сібірдің Чертеж кітабы* (1701), XVIII ғасыр экспедициялары және XIX ғасырдағы әскери-топографиялық түсірілімдермен толықтырылады [9–10; 14], онда кеңістік империялық әкімшілік пен ғылыми топографияның объектісіне айналады.

Авторлық құқықтық және архивтік шектеулерге байланысты кейбір карталардың толық репродукциялары мәтінге енгізілмегенімен, олардың аналитикалық деректері, мазмұндық сипаттамалары және визуалды параметрлері редакция мен рецензенттерге растауға ұсынылады. Негізгі дәстүрлердің көрнекі сипаттамасын беру үшін мақалада алты карта іріктеліп ұсынылған.

Зерттеу келесі сұрақтарға жауап беруге бағытталды:

- Әрбір картографиялық дәстүрде Орталық Азияның проекциялық, визуалдық және семиотикалық тәсілдер арқылы қалай бейнеленетінін анықтау;
- Картографиялық шешімдердің кеңістікті сакралды орталық, әкімшілік периферия немесе ғылыми-империялық игеру аймағы ретінде қабылдауды қалай қалыптастыратынын талдау;
- Тарихи карталардың мектептегі картографиялық ойлау мен кеңістіктік сауаттылықты дамытудағы қолдану мүмкіндіктерін айқындау.

Әдіснама үш негізгі тәсілдің бірігуіне негізделді. Біріншіден, контент-талдау карталардағы тұрақты мағыналық категорияларды анықтайды: орталық–периферия, жол жүйелері, табиғи және мәдени символдар, түстік семантика, шекаралар және номенклатура. Бұл элементтер кеңістікті билік пен өркениеттік идеялар арқылы түсіндірудің тұрақты кодтарын ашады.

Екіншіден, салыстырмалы-картографиялық талдау проекция, масштаб, жер бедерін көрсету, гидрографиялық желі, композициялық құрылым және шартты белгілерді салыстыру негізінде жүргізілді. Мұндай салыстыру ислам карталарындағы шеңберлік сакрализацияны, қытайлық маршруттық иерархияны, еуропалық метризацияны және орыс-ресейлік топографиялық-әкімшілік жүйелеуді айқындалатын визуалды конвенциялар ретінде көрсетуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, семиотикалық талдау карталарды мәдени мәтін ретінде түсіндіруге бағытталды. Денотативтік деңгей (не салынған?) географиялық объектілерді, шекаралар мен жолдарды анықтауға мүмкіндік берсе, коннотативтік деңгей (нені білдіреді?) дәуірдің идеологиясын, саяси құрылымын және кеңістікті қабылдаудың өркениеттік мақсатын ашуға жағдай жасады. Осы тәсілдердің синтезі негізінде карта артефактісін талдаудың «техника → мағына → қабылдау» үлгісі әзірленіп, кеңістікті бейнелеудің материалдық элементтері кеңістікті пайымдаудың тұрақты кодтарына қалай айналатыны анықталды.

Қазақстан аумағының тарихи карталарын қазіргі заманғы картографиялық бейнелермен салыстыру кеңістікті аңғарудың ұзақ мерзімді эволюциясын — сакралды орталықтан бастап, әкімшілік-империялық оңтайландыруға (рационализаци-

яға) дейін — айқындауға мүмкіндік берді. Бұл айырмашылықтар төрт кеңістіктік ойлау моделін анықтауға негіз болды: ислам дәстүріндегі шеңберлік сакральдылық; қытай дәстүріндегі маршруттық-иерархиялық жүйе; еуропалық картографиядағы сызықтық-геометриялық нормализация; ресейлік дәстүрдегі әкімшілік-торлы жүйелеу.

Зерттеу әдістері географияны оқытудағы кеңістіктік ойлау мен картографиялық сауаттылықты дамыту мақсаттарымен де сабақтас. Контенттік, салыстырмалы және семиотикалық талдау нәтижелері картадағы мағыналық құрылымдарды анықтауға және оларды оқу үдерісінде тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға қолдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттағы (бұдан әрі - МЖМБС) картамен жұмыс, кеңістіктік модельдеу және деректерді сыни талдау бойынша оқу мақсаттарымен үйлеседі.

Зерттеу педагогикалық эксперимент жүргізуді мақсат етпегенімен, оның әдіснамалық нәтижелері МЖМБС-қа сәйкес картографиялық сауаттылық пен кеңістіктік ойлауды дамыту міндеттерімен үйлеседі, сондықтан оқу-әдістемелік интеграция мақалада қосымша түсіндірме деңгейінде ұсынылады.

Нәтижелер

Жүргізілген талдау исламдық (османдық субдәстүрді қоса алғанда), қытайлық, еуропалық және ресейлік бес картографиялық дәстүрде Орталық Азияны кеңістікті аңғарудың әртүрлі модельдері арқылы бейнелеу тұрақты түрде қайталанатынын көрсетті. Отыз екі тарихи картада қолданылған проекциялар, түстер, номенклатура және композициялық шешімдер кеңістікті жай ғана географиялық объект емес, белгілі бір дәуірдің дүниетанымы мен билік конфигурациясын бейнелейтін мағыналық құрылым ретінде құрастыратыны анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, техникалық параметрлер мен семиотикалық кодтар кеңістікті түсіндірудің негізгі тетігіне айналып, Орталық Азияны сакральды орталық, әкімшілік периферия, рационалды өлшеу нысаны немесе империялық бақылау аймағы ретінде аңғарудың түрлі үлгілерін қалыптастырады.

Исламдық дәстүрде талданған карталарда кеңістіктің сакральды орталықтандыру моделі айқын басым. Меккеге бағытталған шеңберлік композиция әлемді радиалды құрылым ретінде көрсетеді, ал Трансоксания Баласағұн, Бұхара, Самарқанд сияқты қалалары арқылы шет аймақ емес, рухани және зияткерлік өзек ретінде алдыңғы қатарға шығады. Түстік палитра сенім семантикасына негізделіп, жасыл мен көк өмір мен руханиятты, ал охра мен қызыл шөлдер мен шекараларды белгілейді; эпитеттік номенклатура қалалардың «ғалымдар қаласы», «әулиелер мекені» секілді мәртебелік сипаттамаларын бекітеді. Масштаб қашықтықты нақты өлшеуден гөрі маңыздылықты даралайтын сапалық шкала ретінде жұмыс істейді, сондықтан картада кеңістікті техникалық өлшеуден гөрі сакральды иерархияны бейнелеу басым. Аль-Истахридің Kitab al-Masalik wa-l-Mamalik еңбегіндегі дүниежүзілік картасы (1-сурет) осы ерекшеліктердің жинақталған үлгісі ретінде қарастырылды.

1-сурет. Аль-Истахридің исламдық дүниежүзілік картасы – *Kitab al-Masalik wa-l-Mamalik* ***Аль-Истахридің «Кітап әл-масалик уа әл-мамалик» (****Жолдар мен елдер кітабы****) еңбегінен алынған карта, шамамен 1473–1474 жылдары жасалған (кеш кезеңдегі тізімнен).***

Османдық субтрадиция исламдық космографиямен генетикалық байланысын сақтай отырып, еуропалық эмпирикалық тәсілдермен тоғысады. Кятиб Челебидің Cihannüma атласында Орталық Азия тек рухани кеңістік ретінде ғана емес, сонымен қатар өзендер, жолдар және қалалардан тұратын нақты географиялық жүйе ретінде көрінеді. Шеңберлік түсінік сақталғанмен, проекция мен масштабта өлшеуге, арақашықтықты нақтылауға және навигациялық функцияға бағдарланған шешімдер күшейеді. Трансоксания мен Дешт-и Қыпшақ аймақтары қазіргі қазақ далаларына сәйкес келетін аумақ ретінде айқын шектеліп, олардың саяси-географиялық субъектілік мәртебесі көрсетіледі. Осылайша, османдық картография исламдық сакралды модельді эмпирикалық сипаттаумен ұштастырып, кеңістікті бақылауға болатын және өлшенетін нысанға біртіндеп айналдырады (2-сурет).

***2-сурет. Кятиб Челебидің Орталық Азияға арналған османдық картасы** – Cihannüma*

Қытайлық дәстүрде кеңістік әкімшілік иерархия мен маршруттық логикаға негізделген. Канси атласы мен Тяньшань бағыттарын бейнелейтін карталарда Тяньшань арқылы өтетін оңтүстік және солтүстік жолдар бойындағы гарнизондар, бақылау пункттері және бекеттер желісі көрсетіліп, империялық инфрақұрылымның құрылымы алдыңғы планға шығады. Кеңістік орталықтандырылған сакральды ось арқылы емес, жол бойымен қозғалыс бағыты бойынша ұйымдастырылатын сызықтық жүйе ретінде бейнеленеді; арақашықтықтың негізгі өлшемі ретінде жол уақыты алынады. Иероглифтік номенклатура қоныстардың мәртебесін, бағыныштылық деңгейін және әкімшілік иерархиядағы орнын айқындайды, ал киноварь мен охра түстері билік орталықтары мен шекаралық аймақтарды ерекшелейді. Перспективаның болмауы мен жазық графика кеңістікті әкімшілік жазықтық ретінде қабылдауға итермелейді, мұнда негізгі назар бақылау мен интеграция функциясына аударылады (3-сурет).



3-сурет. Тяньшань оңтүстік жолы / 天山南路
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған

Еуропалық дәстүрде XVI ғасырдан бастап Орталық Азияны рационалды өлшеу, жіктеу және стандарттау нысанына айналдыру үрдісі байқалады. Меркатор және оған жақын цилиндрлік проекциялар теңізде бағдарлауға қолайлы болғанымен, солтүстік ендіктерді ұлғайтып, Еуропаның визуалды үстемдігін күшейтеді; бұл геометриялық шешім картографиялық кеңістіктегі күш теңгерімін деформациялаудың маңызды құралына айналады. Символдардың унификациясы, шартты белгілердің біріздендірілуі және гидрографиялық желіні, рельефті, шекаралар-ды көрсету тәсілдерінің стандартизациясы өңірді «нормаланған» географиялық объект ретінде қабылдатуға жұмыс істейді. Топонимдерді латындандыру жергілікті атауларды әмбебап географиялық категорияларға аударады, осылайша Баласағұн, Қашғар секілді тарихи атаулар Transoxiana, Tartaria, Turkestan секілді кең көлемді құрылымдарға «құйылып» кетеді. D'Anville, Kiepert және Andriveau-Goujon карталары (4–6-суреттер) осы рационалистік модельдің негізгі үлгілерін танытады.

4-сурет. D'Anville – Geographie Ancienne Abrégée
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған



5-сурет. Kiepert – Turan oder Türkistan.
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған

6-сурет. Andriveau-Goujon – Atlas classique et universel.
Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдарынан алынған

Орыс-ресейлік дәстүрде барлау, әкімшілік жоспарлау және ғылыми сипаттама функциялары тоғысқан кешенді картографиялық тіл қалыптасады. XVI ғасырдағы «Үлкен чертежден» бастап С. Ремезовтің «Сібірдің Чертеж кітабына» және XIX ғасырдағы әскери-топографиялық экспедицияларға дейінгі материалдар кеңістікті сызықты-торлы проекция және егжей-тегжейлі топография арқылы қайта құрастырады. Гарнизондар, форпосттар, почта станциялары, елді-мекендер мен этнографиялық белгілер картада бір жүйеге түсіріліп, Орталық Азия империялық басқару және ғылыми зерттеу нысаны ретінде ұсынылады. Ресей ғылым академиясының академиялық карталарында қазақ жерлері біртіндеп дербес географиялық аймақ ретінде бөлініп көрсетіліп, табиғи-ландшафтық ерекшеліктер мен этникалық құрам туралы деректермен толықтырылады. Ремезовтің «Чертежная книга Сибири» еңбегіндегі «Тартария или область Хивинского ханства» картасы (7-сурет) осы әкімшілік-топографиялық модельдің репрезентативті мысалы болды.

7-сурет. «Тартария или область Хивинского ханства», С. Ремезов – Чертежная книга Сибири, 1701. https://kp.rusneb.ru/item/reader/sluzhebnaya-chertezhnaya-kniga-teksty-i-chertezhi

Бес дәстүрді салыстырмалы түрде қарастыру нәтижесінде проекция түрі, масштаб сипаты, түстік семантика, орталықтандыру тәсілі, номенклатура және картаның басым функциялары бойынша тұрақты айырмашылықтар жинақталды. Бұл параметрлер 1-кестеде жүйелендірілді, онда исламдық дәстүр үшін шеңберлік-радиалды проекция мен сенім символикасына негізделген түстер, османдық дәстүр үшін сакралды және эмпириялық палитраның үйлесімі, қытайлық дәстүр үшін маршруттық проекция мен билік иерархиясын көрсететін түстік кодтар, еуропалық дәстүр үшін метризацияланған масштаб пен натуралистік бояу, ал ресейлік дәстүр үшін топографиялық егжей-тегжей мен функционалды бояу тәсілдері бөліп көрсетілген. Сондай-ақ әр дәстүрде кеңістікті аңғарудың өзіндік моделі қалыптасқаны айқындалады: исламдық карталарда әлем намаз шеңбері ретінде, османда әлем жол мен бақылау өрісі ретінде, қытайлықта әлем жолдар мен әкімшілік иерархия желісі ретінде, еуропалықта әлем тор және норма ретінде, ал орыс-ресейлікте әлем есеп пен бақылау жүйесі ретінде ұсынылады.

1-кесте. Картографиялық әдістер мен олардың функциялары (бес дәстүрді салыстыру)

Параметр	Исламдық	Османдық	Қытайлық	Еуропалық	Орыс-ресейлік
Проекция түрі	Шеңберлік, радиалды (орталық – Мекке)	Радиалды және Меркаторлық синтез	Маршруттық, сызықты	Цилиндрлік (Меркатор), торлы	Сызықты-торлы, топографиялық
Масштаб	Сапалық, рухани (маңыздылық > қашықтық)	Сипаттамалық және эмпириялық үйлесімі	Уақыттық, әкімшілік	Метрикалық, геометриялық	Топографиялық, егжей-тегжейлі
Түстік семантика	Сенім символикасы (жасыл – өмір, көк – руханият)	Сакралды және натуралистік палитра аралас	Билік иерархиясы (киноварь, охра, тушь)	Натурализм және биіктік/су жүйесі бойынша градация	Функционалды бояу (шекаралар, рельеф, этностар)
Орталықтандыру	Мекке / Трансоксания – сакралды орталық	Стамбул – әлемдік жүйеге кіру нүктесі	Бейжің / Қашғар – әкімшілік ядро	Париж / Гринвич – геодезиялық нөл	Петербург / Омбы – әкімшілік тірек пункті
Номенклатура	Эпитеттік («ғалымдар қаласы», «әулиелер мекені»)	Екітілді (түрік-араб), географиялық сипаттамалармен	Иероглифтік, иерархиялық	Латындандырылған, біріздендірілген	Орыстандырылған, этнографиялық элементтермен
Картаның функциясы	Теологиялық / дидактикалық	Сипаттамалық / навигациялық / басқарушылық	Әкімшілік / интеграциялық	Ғылыми-геосаяси / отаршылдық	Мемлекеттік-ғылыми / топографиялық / этнографиялық
Қабылдау түрі	Сакралды-орталықтанған	Эмпирикалық-бақылаулық	Маршруттық-иерархиялық	Рационалды-нормативтік	Әкімшілік-сипаттамалық / жүйелік
Кеңістіктік модель	Әлем – намаз шеңбері	Әлем – жол және бақылау	Әлем – жол және иерархия	Әлем – тор және норма	Әлем – есеп пен бақылау жүйесі

Дереккөз: Автор тарапынан IX–XIX ғғ. 32 түпнұсқа картаны талдау негізінде құрастырылған [1–6; 10–12; 14], BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдары негізінде.

Осылайша, түрлі дәстүрлердегі картографиялық техникалар мен семиотикалық шешімдерді салыстыру Орталық Азияны тарихи картографияда «бос кеңістік» ретінде емес, әрқашан белгілі бір мағыналық мәртебесі бар, саяси және мәдени жағынан анықталған аймақ ретінде аңғару тұрақты түрде қайталанатынын көрсетті. Бұл нәтижелер кейінгі талқылау бөлімінде кеңістікті сакральды орталықтан, әкімшілік перифериядан және ғылыми-империялық игеру нысанынан тұратын көпқабатты менталдық карта ретінде интерпретациялауға негіз болды.

Жүргізілген талдау тарихи картографиялық дәстүрлердің Орталық Азияны әртүрлі кеңістіктік модельдер арқылы бейнелегенін ғана емес, осы модельдердің оқу үдерісінде кеңістіктік ойлау мен кар-

тографиялық сауаттылықты қалыптастыру үшін маңызды танымдық ресурс бола алатынын көрсетті. Әр дәстүрдегі проекция, масштаб, номенклатура және түстік семантика сияқты элементтердің семиотикалық мәнін түсіндіру оқушыларға картаны дайын ақпарат ретінде емес, белгілі бір дүниетанымның таңбалық жүйесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл МЖМБС-тағы (7–9 сынып) тарихи-географиялық деректерді интерпретациялау, картографиялық модельдер жасау және деректерді сыни талдау бойынша оқу мақсаттарымен тікелей үйлеседі.

Сонымен қатар исламдық, қытайлық, еуропалық және ресейлік дәстүрлердің кеңістікті әртүрлі идеологиялық және мәдени кодтар арқылы құрастыратынын салыстыру оқушылардың мәдениетаралық түсінігін, тарихи рефлексиясын және кеңістікті қабылдаудың эволюциясын бағамдау дағдыларын дамытады. Тарихи карталардың сакралды, әкімшілік, навигациялық, ғылыми немесе империялық мәндерге ие болуы география сабағында кеңістіктің көпқабатты табиғатын түсіндірудің тиімді құралы ретінде қолданыла алады.

Талқылау

Алынған нәтижелер көрсеткендей, әр дәуірдегі Орталық Азияны картографиялық бейнелеу кеңістікті тек географиялық нысан ретінде тіркеудің тәсілі емес, оны мағыналық тұрғыдан құрастырудың интеллектуалдық құралы болған. Проекцияны, орталықты, түстерді, номенклатураны және композициялық шешімдерді таңдау сол кезеңнің танымдық тәртібін, құндылықтар жүйесін және билік туралы түсінігін бейнелеген. Осы тұрғыдан алғанда, тарихи карталар аймақты әртүрлі мәдени-өркениеттік жүйелердің «көзқарасымен» көрсететін семиотикалық артефакт болып табылады: сакралды тәртіптен бастап әкімшілік бақылау мен ғылыми рационалдылыққа дейін. Бұл байқаулар алдыңғы зерттеушілердің тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Горшенина еуропалық картографтар, соның ішінде Дженкинсоннан бастап, Орталық Азия кеңістігін өз маршруттары мен сауда мүдделеріне бейімдеп, оны қозғалыс, бақылау және игеру функциясына айналдырғанын көрсетеді [1]. Черч «Канси атласын» биліктің визуалды инфрақұрылымы ретінде түсіндіреді, онда империялық жолдар мен күзет бекеттері кеңістікті реттелген әлем, ал орталықты қалыптастырушы күш ретінде бейнелейді [2]. Цао қытайлық дереккөздерде «орталық – шет аймақ» бинарлығы тұрақты құрылым ретінде жұмыс істейтінін, кеңістіктің маңыздылығы Бейжіңнен әкімшілік қашықтықпен өлшенетінін дәлелдейді [3]. Сыдықназаров ислам карталарын сакралды топология ретінде қарастырады: онда атаулар, киелі орындар мен жолдар жүйесі қазақ даласы мен Орталық Азияны біртұтас рухани-мәдени континуум ретінде көрсетеді [4]. Гарбузарова «Орталық Азия» ұғымының өзі картографиялық тілге, сонымен бірге саяси контекстке тәуелді мәдени-идеялық құрылым екенін баса айтады [5]. Лайсханов пен Шагимгереева табиғи нысандардың – Арал, таулар, далалар – карталарда ұжымдық жад маркерлеріне айналғанын, кеңістіктің мәдени-символдық мәнге ие болғанын көрсетеді [6; 7]. Кожирова XVIII–XIX ғасырлардағы орыс картографтары жүргізген түсірілімдерді талдай отырып, бұл карталардың тек әскери-әкімшілік мақсаттарға ғана емес, сонымен бірге Орталық Азияны тұтас табиғи-мәдени аймақ ретінде ғылыми тануға қызмет еткенін дәлелдейді [10; 14].

Осы тұжырымдардың барлығы «техника – мағына – қабылдау» (Т–М–Қ) аналитикалық моделінің дұрыстығын растайды. Техника – картаның визуалды тілі: проекция шекараның қай жерде «көрінетінін» анықтайды, түстер эмоционалдық код береді, шартты белгілер білімді құрылымдайды. Мағына – осы техникалық тіл арқылы берілетін мәдени және идеологиялық құрылым: ислам картографиясы сакралды орталықтандыруды күшейтеді, қытай дәстүрі әкімшілік иерархияны көрсетеді, еуропалық мектеп кеңістікті метризациялайды, ал орыс-ресейлік картография оны ғылыми жүйелеу мен бақылаудың нысанына айналдырады. Қабылдау – осы екі деңгейдің өзара әре-

кеттесу нәтижесі: кеңістік рухани орталық, шет периферия, ғылыми нысан немесе геосаяси тоғыс ретінде елестетіледі.

Зерттеу нәтижелерінің мәдени-өркениеттік мағынасы айқын: Орталық Азия әртүрлі дәстүрлерде әрқашан көрінетін, анықталған, картаға түсірілген, атауланған және мағыналанған кеңістік ретінде өмір сүрді. Аймақ ешқашан «бейтарап бос жер» ретінде қабылданбаған; керісінше, ол әр кезеңнің танымдық және саяси логикасына сай тұрақты түрде орталықтандырылып немесе арнайы құрылымдалған. Бұл қазіргі Қазақстан аумағының тарихи легитимділігі мен мәдени сабақтастығын дәлелдейтін маңызды визуалды дерек-көздер қатарына жатады.

Осы айырмашылықтарды жүйелеу мақсатында исламдық, османдық, қытайлық, еуропалық және орыс-ресейлік картографиялық мектептерде кеңістікті визуализациялау параметрлері, проекция түрлері, түстік семантика, функциялары мен қабылдау модельдері көрсетілген салыстырмалы кесте құрастырылды (2-кесте).

2-кесте. Картографиялық әдістер мен олардың функциялары (бес дәстүрді салыстыру)

Параметр	Исламдық	Османдық	Қытайлық	Еуропалық	Орыс-ресейлік
Проекция түрі	Шеңберлік, радиалды (орталық – Мекке)	Радиалды + Меркатор синтезі	Маршруттық, сызықты	Цилиндрлік (Меркатор), торлы	Сызықты-торлы, топографиялық
Масштаб	Сапалық, рухани (маңыздылық > қашықтық)	Сипаттамалық және эмпириялық үйлесім	Уақыттық, әкімшілік	Метрикалық, геометриялық	Топографиялық, егжей-тегжейлі
Түстік семантика	Сенім символикасы (жасыл — өмір, көк — руханият)	Сакралды + натуралистік палитра	Билік иерархиясы (киноварь, охра)	Биіктік/ су жүйесі бойынша натурализм	Әкімшілік-функционалды бояу (шекара, рельеф, этностар)
Орталықтандыру	Мекке / Трансоксания — сакралды ядро	Стамбул — әлемдік жүйе торабы	Бейжің / Қашғар — әкімшілік орталық	Париж / Гринвич — геодезиялық нөл	Петербург / Омбы — әскери-әкімшілік тірек
Номенклатура	Эпитеттік («ғалымдар қаласы» т.б.)	Түрік-араб екітілді, сипаттамалық	Иероглифтік, иерархиялық	Латындандырылған, біріздендірілген	Орыстандырылған + этнографиялық элементтер
Картаның функциясы	Теологиялық, дидактикалық	Навигациялық, сипаттамалық, басқарушылық	Әкімшілік, интеграциялық	Ғылыми-геосаяси, отаршылдық	Мемлекеттік-ғылыми, топографиялық, этнографиялық
Қабылдау моделі	Сакралды-орталықтанған	Эмпирикалық-бақылаулық	Маршруттық-иерархиялық	Рационалды-нормативтік	Әкімшілік-сипаттамалық
Кеңістіктік модель	«Әлем — намаз шеңбері»	«Әлем — жол және бақылау»	«Әлем — жол және иерархия»	«Әлем — тор және норма»	«Әлем — есеп пен бақылау жүйесі»

Дереккөз: Автор тарапынан IX–XIX ғғ. 32 түпнұсқа картаны талдау негізінде құрастырылған [1–6; 10–12; 14].

Білім беру тұрғысынан тарихи карталармен жұмыс істеу айтарлықтай әлеуетке ие. Зерттеу барысында педагогикалық эксперимент жүргізілмеді және оқыту тиімділігі салыстырмалы зерттеулер арқылы тексерілмеді. Сондықтан педагогикалық аспект зерттеудің негізгі әдіснамасына енгізілмеді. Дегенмен алынған картографиялық материалдар мен талдау тәсілдері оқу процесінде құнды мазмұндық және әдістемелік ресурс бола алады. Кеңістікті визуалды интерпретациялау, тарихи карталарды салыстыру, әр дәстүрдегі бейнелеу тәсілдерінің астарындағы мәдени кодтарды талдау – 7–9 сыныптарға арналған МЖМБС мақсаттарына дәл сәйкес келетін дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Бұл оқушыға картаны тек географиялық құрал емес, дүниетанымдық мәтін ретінде оқуға, картографиялық бұрмалаулардың артындағы идеологиялық және тарихи жағдайларды көруге, кеңістіктің мәдени конструкт ретіндегі табиғатын түсінуге жол ашады.

Осы себепті педагогикалық валидтілік эксперименттік деректер арқылы емес, оқу мақсаттарына бағытталған қолданбалы ұсыныстар арқылы қамтамасыз етіледі. Карталарды интерпретациялау дағдылары география (7.2.1.4; 8.2.2.1), Қазақстан тарихы (7.1.1.1; 9.3.1.3) және дүниежүзі тарихы (8.2.2.2; 9.4.1.3) пәндерінің мазмұндық желілерімен тікелей байланысты, ал дәстүрлерді салыстыру оқушыда кеңістіктік өзіндік сана мен тарихи сабақтастық сезімін қалыптастыруға көмектеседі.

Осылайша, тарихи картография – ғылыми зерттеудің де, мектептегі білім берудің де маңызды құралы. Карталар кеңістікті мағыналық жағынан ұйымдастыру арқылы ұлттық бірегейлікке, мәдени сабақтастыққа және географиялық ойлауға әсер етеді. Орталық Азияның IX–XIX ғасырлардағы картадағы бейнесін талдау кеңістікті елестетудің ұзақ тарихи дәстүрін қалпына келтіреді және қазіргі Қазақстанның тарихи-мәдени легитимділігін визуалды деңгейде дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Орталық Азияның IX–XIX ғасырлардағы тарихи карталары кеңістікті тек географиялық тіркеудің құралы емес, әр дәуірдің интеллектуалды, мәдени және идеологиялық жүйелерін бейнелейтін күрделі семиотикалық артефакт болып табылады. Картографтың таңдаған проекциясы, масштабты беру тәсілі, түстік палитрасы мен топонимиясы белгілі бір кезеңдегі билік логикасын, әлемді түсіндіру моделін және өңірге қатысты кеңістіктік елестетулерді білдірді. Талдау көрсеткендей, исламдық дәстүр Орталық Азияны өркениеттің сакралды өзегі ретінде, османдық дәстүр – сакралдық мағынаны эмпириялық бақылаумен ұштастырылған ландшафт ретінде, қытайлық дәстүр – әкімшілік-иерархиялық периферия ретінде, еуропалық картография – рационалды өлшеу мен геосаяси жіктеудің нысаны ретінде, ал орыс-ресейлік дәстүр – топографиялық түсіру мен ғылыми жүйелеудің объектісі ретінде көрсетті.

Бұл көпқабатты бейнелеулер өңірдің географиясын ғана емес, оның тарихи-философиялық ұғынылуын қалыптастырды: Орталық Азия әр дәстүрдің визуалды тілінде ерекше мағыналық мәртебеге ие болды — сакралды орталықтан бастап әкімшілік перифериясына, ғылыми-экспедициялық нысаннан империялық бақылау кеңістігіне дейін. Ұсынылған «техника – мағына – қабылдау» аналитикалық моделі осы трансформациялардың құрылымын ашуға мүмкіндік берді және картографиялық шешімдердің қалай мәдени кодқа айналғанын көрсетті.

Зерттеу шеңберінде білім беру аспектісі арнайы педагогикалық эксперимент деңгейінде қарастырылмағанымен, алынған нәтижелер оқу үдерісінде қолдануға болатын мазмұндық-әдістемелік әлеуетке ие. Тарихи карталармен жұмыс оқушыны тек карта оқу дағдысына ғана емес, кеңістіктік ойлау, визуалды дәлелдермен жұмыс істеу және мәдени-тарихи репрезентацияларды салыстыра талдау қабілетіне үй-

ретеді. Карталарды әртүрлі дәстүрлерде салыстыра талдау МЖМБС талап ететін құзыреттерді – сыни талдау, визуалды интерпретация, кеңістікті мәдени код ретінде түсіну – қалыптастыруға тікелей ықпал етеді. Осылайша, бұл зерттеудің қолданбалы маңызы география, Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндеріндегі кеңістіктік және тарихи түсініктерді тереңдетуге негіз болады.

Зерттеу нәтижелерінен туындайтын практикалық ұсыныстардың бірі – Орталық Азияның тарихи карталарына арналған ұлттық цифрлық репозиторий құру. Мұндай репозиторий карталардың академиялық сипаттамаларын, метадеректерін, проекциялық ерекшеліктерін және QGIS форматындағы географиялық қайта жинақтауларын біріктіріп, оларды оқу, ғылыми сараптама және визуалды-аналитикалық жұмыстар үшін қолжетімді ететін орталықтандырылған ресурсқа айналар еді. Бұл қадам картографиялық мәдениетті дамытып, кеңістіктік өзіндік сананы нығайтуға, сондай-ақ жас ұрпақтың тарихи және географиялық ойлауын тереңдетуге ықпал етеді.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен қаржыландырылған BR21882416 «Орталық Азияның тарихи географиясы» атты бағдарламалық-нысаналық қаржыландыру аясында орындалды.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Горшенина, С.М.** Энтони Дженкинсон және XVI ғасырдағы Орталық Азияның картографиялық сұлбаларын қайта қарастыру // Qazaq Historical Review. – 2023. – № 1(1). – Б. 22–55.
2. **Church, S.K.** The Kangxi Atlas and the Cartography of Qing China // Imago Mundi. – 2011. – Vol. 63, no. 2. – P. 203–225.
3. **Cao, J.** Chinese Imagination of Central Asia and Eurasia // Central Asian Survey. – 2021. – Vol. 40, no. 4. – P. 512–531.
4. **Сыдықназаров, М.А.** Карталардағы қазақ мемлекеттілігі. – Астана: ЕҰУ, 2024. – 214 б.
5. **Garbuzarova, E.G.** Geopolitical Approaches to the Term “Central Asia” // Post-Soviet Studies / Central Asian Studies. – 2021. – Vol. 3, no. 4. – P. 77–93.
6. **Laiskhanov, Sh.** The Aral Sea in Historical Maps // Geo-Information Research Journal. – 2024. – № 2. – P. 54–68.
7. **Shagimgereeva, B.E.** Peoples of Central Asia as Historical Sources // New Studies of Tuva. – 2024. – № 2. – P. 37–59.
8. **Pomfret, R.** Central Asia – Twenty Five Years After the Collapse of the USSR // Eurasian Studies Journal. – 2017. – Vol. 9, no. 2. – P. 15–36.
9. **Щукина, Н.М.** Орталық Азия картасы қалай жасалды. – Мәскеу: Ғылыми әлем, 2019. – 176 б.
10. **Кожирова, С.** XVII–XIX ғғ. Орталық Азияны зерттеу мен басқарудағы ресейлік картографияның рөлі // Шығыстану және орталықазиялық зерттеулер журналы. – 2023. – № 4. – Б. 88–103.
11. **Атығаев, Н.А.** және т.б. Ортағасырлық климаттық өзгерістердің Орталық Азиядағы көрінісі // Биогеографиялық зерттеулер журналы. – 2025. – Т. 7, № 1. – Б. 45–63.
12. **Atik, K., Beylur, S., Kenzheakhmet, N..** From Chinggisid to Modern State: Geopolitics and Sovereignty in Central Eurasia during the 17th and 18th Centuries [Электронды ресурс] // URL: https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/8096-published.pdf (қаралған күні: 05.11.2025).
13. **Needham, J.** Science and Civilisation in China. – Cambridge: Cambridge University Press, 1959. – Vol. 3. – 478 p.
14. Сурет BR21882416 жобасы аясындағы архив материалдары (Google Drive, шектеулі қолжетімділік).
15. **Эмирова, М.Е.** Картографиялық сауаттылық негіздерін қалыптастыру әдістемесін енгізу бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері // Ғылым және білім берудің заманауи мәселелері. – 2021. – № 3. – [Электронды ресурс]. – URL: https://science-education.ru/article/view?id=30797 (қаралған күні: 23.10.2025). – DOI: 10.17513/spno.30797.
16. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» [Электронды ресурс]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767 (қаралған күні: 07.11.2025).

References

1. **Gorshenina, S.M.** Entoni Dzhenkinson zhane XVI gasyrdagy Ortalyq Azianyn kartografialyq sulbalarun qaita qarastyru [Anthony Jenkinson and the Reappraisal of Sixteenth-Century Cartographic Representations of Central Asia] // Qazaq Historical Review. – 2023. – № 1(1). – B. 22–55.
2. **Church, S.K.** The Kangxi Atlas and the Cartography of Qing China // Imago Mundi. – 2011. – Vol. 63, no. 2. – P. 203–225.
3. **Cao, J.** Chinese Imagination of Central Asia and Eurasia // Central Asian Survey. – 2021. – Vol. 40, no.

4. – P. 512–531.

4. **Sydyqnazarov, M.A.** Kartalardagy qazaq memlekettiligi [Kazakh Statehood as Reflected in Maps]. – Astana: EÝU, 2024. – 214 b.

5. **Garbuzarova, E.G.** Geopolitical Approaches to the Term "Central Asia" // Post-Soviet Studies / Central Asian Studies. – 2021. – Vol. 3, no. 4. – P. 77–93.

6. **Laiskhanov, Sh.** The Aral Sea in Historical Maps // Geo-Information Research Journal. – 2024. – № 2. – P. 54–68.

7. **Shagimgereeva, B.E.** Peoples of Central Asia as Historical Sources // New Studies of Tuva. – 2024. – № 2. – P. 37–59.

8. **Pomfret, R.** Central Asia – Twenty Five Years After the Collapse of the USSR // Eurasian Studies Journal. – 2017. – Vol. 9, no. 2. – P. 15–36.

9. **Shchukina, N.M.** Ortalyq Aziia kartasy qalai zhasaldy [How the Map of Central Asia Was Made]. – Maskeu: Gylymi alem, 2019. – 176 b.

10. **Kozhirova, S.** XVII–XIX gg. Ortalyq Azianyn zertteu men basqarudagy reseilik kartografianyn roli [The Role of Russian Cartography in the Exploration and Administration of Central Asia in the Seventeenth to Nineteenth Centuries] // Shygystanu zhane ortalyqaziialyq zertteuler zhurnaly. – 2023. – № 4. – B. 88–103.

11. **Atygaev, N.A.** zhane t.b. Ortagasyrlyq klimatyq ozgeristerdin Ortalyq Aziiadagy korinisi [Manifestations of medieval climate change in Central Asia] // Biogeografialyq zertteuler zhurnaly. – 2025. – T. 7, № 1. – B. 45–63.

12. **Atik, K., Beylur, S., Kenzheakhmet, N.** From Chinggisid to Modern State: Geopolitics and Sovereignty in Central Eurasia during the 17th and 18th Centuries [Electronic resource] // URL: https://bilig.yesevi.edu.tr/yonetim/icerik/makaleler/8096-published.pdf (accessed: 05.11.2025).

13. **Needham, J.** Science and Civilisation in China. – Cambridge: Cambridge University Press, 1959. – Vol. 3. – 478 p.

14. Suret BR21882416 zhobasy aiasyndagy arhiv materialdary [Archival materials from the BR21882416 project] (Google Drive, shekteuli qolzhetimdilik).

15. **Emirova, M.E.** Kartografialyq sauattylyq negizderin qalyptastyru adistemesin engizu boiynsha tazhiribielik-eksperimentaldyq zhumystyn natizheleri [Results of the experimental work on implementing the methodology for developing the foundations of cartographic literacy] // Gylym zhane bilim berudin zamanaui maseleleri. – 2021. – № 3. – [Elektrondy resurs]. – URL: https://science-education.ru/article/view?id=30797 (qaralgan kuni: 23.10.2025). – DOI: 10.17513/spno.30797.

16. QR Oqu-agartu ministrinin 2022 zhylgy 16 qyrkuiektegi № 399 buiyrgy «Zhalpy bilim beru uiymdaryna arnalgan ulgilik oqu bagdarlamalaryn bekitu turaly» [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated 16 September 2022 No. 399 "On the approval of model curricula for general education organisations"] [Elektrondy resurs]. – URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029767 (accessed: 07.11.2025).

Особенности отображения территории Центральной Азии на исторических картах и картографические методы и семантические модели, используемые при их изучении

Р.А. Каратабанов[1], Ж.Ф. Тенькебаева[2]
[1]Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
[2]Филиал «Центр педагогических измерений»
АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы»
г. Астана, Республика Казахстан

Аннотация. Цель исследования — выявить особенности репрезентации Центральной Азии в исламской, китайской, европейской и русско-российской картографических традициях на основе анализа исторических карт IX–XIX вв. С применением контент-анализа и семиотического подхода были реконструированы проекционные решения, визуальные приёмы и символические коды 32 аутентичных карт, что позволило разработать трёхуровневую модель интерпретации картографического артефакта (техника → смысл → восприятие). Установлено, что исламская традиция формировала образ сакрального центра, китайская — административной периферии, европейская — объекта рационального измерения, а

русско-российская — пространства научного описания и имперского контроля. Показано, что исторические карты выступают не только средствами отображения, но и инструментами культурной интерпретации пространства; полученные результаты могут быть использованы для развития картографического мышления, пространственной идентичности и методической практики в образовательных организациях Республики Казахстан.

Ключевые слова: историческая картография, Центральная Азия, проекция, символика, пространственное восприятие.

Features of the depiction of the territory of Central Asia on historical maps and cartographic methods and semantic models used in their study

R.A. Karatabanov[1], Zh.F. Tenkebayeva[2]
[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, The Republic of Kazakhstan
[2]Branch of the «Center for Pedagogical Measurements»
AEO «Nazarbayev Intellectual Schools»
Astana, The Republic of Kazakhstan

Abstract. The aim of this study is to examine how Central Asia is represented within Islamic, Chinese, European, and Russian cartographic traditions based on historical maps from the 9th to the 19th centuries. Using content and semiotic analysis, projection systems, visual techniques, and symbolic codes were reconstructed across 32 authentic maps, leading to the development of a three-level interpretive model (technique → meaning → perception). The findings demonstrate that Islamic cartography conceptualized the region as a sacred center, Chinese maps depicted it as an administrative periphery, European cartography framed it as an object of rational measurement, and Russian maps portrayed it as a space of scientific exploration and imperial control. The study shows that historical maps function not only as geographic representations but also as cultural interpretations of space; these insights hold practical value for developing cartographic thinking, spatial identity, and educational practices in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: historical cartography, Central Asia, projection, symbolism, spatial perception.

Материал баспаға 13.08.2025 келіп түсті

ҒТАМР 14.25.09 DOI 10.59941/2960-0642-2025-4-73-84

Орта білім беру жүйесінде жаңа терминдерді меңгерту арқылы білім алушылардың метапәндік құзыреттілігін қалыптастыру

А.Е. Әубәкірова[1], Ш. Құрманбайұлы[2], А.Н. Ахмет *[3]
[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
[3]Т.Айбергенов атындағы №16 орта мектеп
Астана қ., Қазақстан Республикасы
*akjibekkz@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада жаңа терминдерді меңгеру үдерісінде білім алушылардың метапәндік құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. XXI ғасырдағы білім беру кеңістігінде білім алушылардың пәндік білімімен қатар, ақпаратты талдау, біріктіру және оны жаңа жағдайларда қолдану қабілеттерін дамыту өзекті мәселе болып отыр. Осы тұрғыда метапәндік тәсіл білім алушылардың метабілімін, метадағдыларын (ақпаратты талдау, салыстыру, жалпылау қабілеттері) және метақұндылықтарын (білімге деген ынта мен жауапкершілік) дамытуға бағытталады. Зерттеу орта мектептің 6-сынып білім алушылары арасында жүргізілді. Экспериментке жалпы 49 білім алушы қатысты. Мақалада «Жаңа терминдер» элективті курсы негізінде жаңа терминдерді оқытуда қолданылатын әдістер сипатталады: жобалық, зерттеу, проблемалық және интерактивті әдістер. Сондай-ақ пәнаралық интеграция мен цифрлық құралдарды («Mektep.Sozdik» қосымшасы) пайдалану білім алушылардың ақпараттық және терминологиялық сауаттылығын арттырудың тиімді тетігі ретінде көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде эксперименттік топтың терминологиялық сауаттылық деңгейі 43%-дан 84%-ға дейін өсті, бұл метапәндік құзыреттіліктің тиімді дамуын көрсетті.

Кілтті сөздер: метапәндік құзыреттілік, метабілім, метадағды, метақұндылық, жаңа терминдер, пәнаралық интеграция.

Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite: Әубәкірова, А.Е., Құрманбайұлы, Ш., Ахмет, А.Н. Жаңа терминдерді меңгерудегі оқушылардың метапәндік құзіреттілігін қалыптастыру [Мәтін] // Ғылыми-педагогикалық журнал «Білім». – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №4. – Б. 73-84.

Кіріспе

XXI ғасырдағы білім беру кеңістігі қарқынды дамып жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістермен, технологиялық жетістіктермен және ақпараттық қоғамның талаптарымен тығыз сабақтасып отыр. Осындай жағдайда білім берудің негізгі мақсаты білім алушыны тек пәндік біліммен қаруландыру ғана емес, сонымен бірге оны жаңа білімді өз бетімен игере алатын, оны талдап, түрлі жағдаяттарда қолдана білетін тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін соңғы онжылдықтарда «метапәндік» ұғымы білім беру теориясы мен тәжірибесіне кеңінен енгізілді.

